



ШЕРТПЕ КҮЙДІҢ ШЕБЕРІ

Анкарада Тәттімбет
Қазанғапұлының
ескерткіші бой көтерді

8



БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

Алматыда «Мектеп автобусы»
жобасы аясында күн сайын
8 мыңнан астам оқушы
мектепке қатынай
бастады

9

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ

Ерболат ДОСАЕВ
Жетісу ауданының
тұрғындарымен кездеседі
Кезекті басқосу 2023 жылдың
7 қыркүйегінде сағат 9.00-де
Жайсан көшесі, 22/1
мекенжайындағы «Кемел»
дене шынықтыру-сауықтыру
кешенінде өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Жетісу әкімдігінің
Facebook парақшасынан
көруге болады:
1. <https://www.youtube.com/c/AlmatyUS>
2. <https://www.facebook.com/zhetysu.audany.5>

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №106 (6399) 7 қыркүйек, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ӘДІЛДІК. ИНКЛЮЗИВТІК. ҮНЕМШІЛДІК:

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАР



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен аптада Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын жолдады. Кезекті Жолдаудың аты «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталды. Онда Президент «адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер дәуірі басталғанын» айта келіп, қалыптасқан ішкі және сыртқы жағдай елімізге жаңа экономикалық үлгіге біртіндеп өту міндетін жүктегенін жеткізді. Әрі осы Жолдауында Қазақстанның ендігі экономикалық бағдарын айқындады. Әрине, ең маңыздысы, Мемлекет басшысы өз Жолдауында

жаңа экономикалық бағдардың өзегі ретінде «Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік» сынды қағидаларын баса белгілегенін көріп отырмыз. Шын мәнінде, бұл қағидалар қайдан келіп шықты? Не үшін олар Қазақстанның жаңа экономикалық бағытының негізгі өзегі ретінде көрсетілді? Не болмаса, алдағы экономикалық бағдарымыз сізге қай бағытқа бұрылғалы тұр? Міне, бұлар ел азаматтарының көкейіндегі сұрақтар. Сондықтан да Жолдаудың жалпы өзегінде жатқан осы бір мәселелерді алғашқы адымда қарастырып көрмекпіз.

2

Алматы қаласының жоғары оқу орындарында студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі бойынша баспасөз туры өтті. Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасы мәслихат депутаттарымен және қоғам белсенділерімен бірлесіп, қала студенттерінің қоныстану орындарына мониторинг жүргізді. Баспасөз туры барысында Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Меңдіғалиев, студенттік жатақханалар құрылысы бойынша Жобалық кеңсенің басшысы Дамир Кутумов журналистердің сұрағына жауап берді.

Алматы қаласында 35 жоғары оқу орны бар. Онда 197 мыңнан астам студент оқиды, оның ішінде 126 мыңнан астамы – басқа өңірлерден келген студенттер. 98 студенттік жатақханада 31 мыңнан астам студент тұрады. Ал жатақханаға мұқтаж студенттер саны – 32 мыңнан астам.

«Студенттік жатақханалардағы орын тапшылығын жою үшін оқу жылының басында студенттерді орналастыру бойынша дайындық жұмыстары жүргізілді. Алматы қалалық Туризм басқармасымен бірлесіп, қонақүйлер мен жатақханалар дайындалды. Қонақүй бизнесінің нысандары студенттерді 10 мың орынға орналастырды, ал олардың бірқатарын болашақта студенттік жатақханаға айналдыру жоспарлануда. Бүгін біз 170 орынды студенттер үйінде болдық. Мұнда әлі бос

АХУАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚ іске қосылды



Алматыда 98 жатақханада 31 мыңнан астам студент тұрады

орындар бар. Сондай-ақ, Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті 118 орынды «Сарбаз» қонақүйімен келісімге келді. Болашақта бұл қонақүйді

студенттер жатақханасына айналдыру жоспарлануда», – деп атап өтті Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Меңдіғалиев.

5

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

7.09.2023

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+24+26 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

8.09.2023

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, өткірші
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, өткірші
жаңбыр, найзағай.Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 12 м/с
www.almaty-akshamy.kz




САРАПТАМА

ӘДІЛДІК. ИНКЛЮЗИВТІК. ҮНЕМШІЛДІК:

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАР

(Басы 1-бетте)

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ
ЖӘНЕ ОСЫҒАН ДЕЙІНГІ
ЖОЛЫМЫЗ

Әлем елдері түрлі даму деңгейіне ие болғанымен, екі түрлі экономикалық тәжірибені қолданады. Бірі инклюзивті саяси-экономикалық институттардың көмегімен қоғамды барынша ауқымды түрде экономикаға қатыстырады. Ал екіншісі экстрактивті саяси-экономикалық институттардың жұмысы арқылы қоғамның ауқымды бір бөлігінің есебінен екінші шағын бөлігін байытып, күшейте түсуді қамтамасыз етеді. Осы арада барлық саяси сұрақтарды былайға ысыра тұрып, тек қана әлем елдерінің даму деңгейін басты өлшем етіп қарастырып көрейік. Онда біз жоғарыда айтылған екі тәжірибенің алдыңғысын қолданған елдер әлемдегі ең дамыған елдер екенін білеміз. Себебі, ондағы қоғам өкілдері саяси және экономикалық тең мүмкіндіктерге ие болып келеді. Бұл экономикалық қатысу ынтасын арттырып, экономиканың қозғаушы күштері өзара тығыз жұмыс істейді.

Бұған қарағанда, бір елдің экономикалық табысты болу-болмауы оның саяси-экономикалық институттарына тәуелді. Тарата айтқанда, әдетте қоғамның саяси-экономикалық өмірін қамтитын ережелерді сол саяси-экономикалық институттар қалыптастыра-



ды. Бұндай ережелер қай елде азаматтардың экономикалық және саяси өмірге белсенді тарта алса, әрі олардың табысқа жетуге деген мүмкіндіктерін қамтамасыз ете алса, сол елде экономикалық даму жоғарылай түседі. Былайша айтқанда, азаматтарды ынталандыру мен оларды экономикалық іс-қимылдарға араласуын қамтамасыз еткен елдің табысы жоғары болып келеді.

Жасырағы жоқ, бұған дейін елміздің экономикалық саясаты жалпы халықты ынталандыруға бағытталмады. Керісінше, қоғамның көп бөлігінің есебінен аз ғана элиталық топты байытушы экстрактивті институттар жұмыс істеп келді. Бұның салдары соңында халықтың экономикалық, әлеуметтік өміріндегі мемлекеттің негізгі міндеттерін көле-

гейлеп, билік пен халық арасындағы сенім лимитінің азюына алып барды. Тіпті үлкен әлеуметтік наразылықтарға дейін жеткізді. Экономикаға мемлекеттік қалыптан тыс араласу және институттардың экстрактивті болуы біртіндеп мемлекеттік жүйенің дәріменін әлсіретіп, қордаланған мәселелерді шешудегі қабілетіне тұсау болды. Бұл бір мағынада, мемлекет өзінің бәсекеге қабілеттілігінен айырыла бастады деуге болады. Шын мәнінде, тұтастай экономикалық саясаттағы бағытты өзгерту шынайы қоғам талабы еді. Бұны Президент бұған дейінгі Жолдауларында ашық айтқан болатын. Өне, сондықтан да кезекті Жолдауда экономикалық бағдардың өзегі ретінде «инклюзивтілік» (ауқымды қамтушылық деп түсі-

нуге болады), «әділеттілік» ұғымдарының енуі назар аудартады.

ҮШ НЕГІЗГІ ШАРТ

Назар аударатын болсақ, аталмыш экономикалық бағытымыздың өзегінде «әділеттілік», «инклюзивтілік» және «үнемшілдік» ұғымдары енгізілген. Анығында, инклюзивті экономикалық институттар бір ғана жағдайда, әділеттілік жағдайында ғана өнімді жұмыс істей алады. Бұның негізі экономикалық теорияның өзінде жатыр. Яғни халықтың үлкен тобын экономикалық белсенділікке алып келу үшін үш негізгі шарт орындалуға тиіс. Оның ең алғашқысы – жекеменшік құқығының қорғалуы. Меншік құқығы қамтамасыз етілмеген елде ешбір қоғам өкілі баюға, табысты болуға, жұмыс орындарын ашу немесе қызмет өтеу түрлерін ойлап табуға ынталы болмақ емес (Ешқандай меншік құқығы жоқ Солтүстік Кореяны немесе меншік құқығы сенімді қорғалмайтын Африка елдерін мысалға алып көріңіз). Екіншісі – әділ сот жүйесінің орнауы; Үшіншісі – барлығына тең мүмкіндік туғызу. Міне, осы үшеуі Жолдауда айтылған «әділеттілік» қағидасына енгізілген. Президент Қ.Тоқаев кезекті Жолдауында жаңа экономикалық бағдардағы мемлекеттің міндетін де анық көрсетті. Шындап келгенде, әділ сот жүйесі және бәріне тең мүмкіндік беру шарттарын жасаушы тағы да мемлекет болатыны

сөзсіз. Экономикалық іс-қимылдарды, жеке тұлғалар арасындағы, компаниялар арасындағы келісім-шарттардың орындалуын қамтамасыз ететін, экономикалық қылмыстың алдын алатын күштік құрылымдар да мемлекеттің қолында. Сондықтан мемлекет пен инклюзивті институттар тығыз жұмыс істеу керектігін баса белгілеп отыр. Бұған қарай отырып, алдағы уақытта еліміздегі сот жүйесінде де ауқымды реформалар жасалуы мүмкін деп болжауға болады.

Әйткенмен, бұл жаңа бағдарды жүзеге асыруда мемлекет пен халық тап келетін ортақ қиыншылықтар бар екенін мойындаймыз. Жолдаудың әу басында: «Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет», – деуді де сондықтан. Айталық, басым көпшіліктің қалауы болған күнде де қазірге дейін экстрактивті институттар қалыптастырған ережелерден қоғамның бірден арылып кетуі де қиынға соғады. Бірақ Жолдаудағы міндеттерді атқаруға белгілеген үш жыл экономикалық бағдарды жаңартуға толықтай жеткілікті деуге болады.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

САЯСИ БӘЙГЕ

Дональд Трамп қатыспаған Республикалықтардың алғашқы деббаты қалай өтті?

АҚШ-та 23 тамызда Республикалық партия алғашқы саяси дебат өткізді. Саясаткерлердің білек сыбана кіріскеніне қарағанда, келесі жылы 5 қарашада болатын президент сайлауы тартысты өтетін сыңайлы. Бұл жолы саяси бәйгеге 8 саясаткер түсті. Олар Вивек Рамасвами, Крис Кристи, Майк Пенс, Никки Хейли, Рон Десантис, Тим Скотт, Эйза Хатчинсон және Даг Бергум. Ал экс-президент Дональд Трамп қатысқан жоқ. Соған қарамастан түрлі әлеуметтік сауалнамалар оның Республика партиясында айқын көшбасшы екенін айтуда. Бір қызығы, дебатта саяси қызмет атқармаған Вивек Рамасвами жеңіске жеткен.

БІР ПАРТИЯ, ТҮРЛІ ПІКІР,
ОРТАҚ МҮДДЕ

Америка Құрама Штаттарында өзіне тән сайлау жүйесі қалыптасқан. Американдық ұлттың тұла бойына демократиялық құндылықтар сіңген. Сондықтан да демократиялық жүйеге тән электоралды процесс жүреді. Онда саясаткер боламын деген азамат ең алдымен көпшіл болуы тиіс. Себебі, оның жеке өмірі, мансап жолы көптің алдында.

Сайлау жүйесінің тағы бір ерекшелігі екі партияның үстемдігінде. Ел президенттері болып Республикалық, әлде Демократиялық партия өкілі сайланады. Бұдан бөлек, әр партияның ішінде саяси бәсеке бар. Мұндай дәстүр келесі жылы өтетін сайлауалды кампанияда да көрініс табуда. Бұл жағынан Республикалықтар шапшаң, әрі батыл қимылдауда. Себебі, қазіргі президент Джо Байден Демократиялық партияның өкілі.

23 тамызда Висконсин штатының Милуоки қаласында Республикалықтардың алғашқы деббаты өтті. Саяси бәйге өтетін

орын да бекер таңдалмаған. Себебі, бұл штаттың таңдаушылар коллегиясы сайлауда кімге дауыс беру мәселесінде үнемі тербеліп тұратын. Ал соңғы 2020 жылғы сайлауда Джо Байденге көбісі дауыс берген.

Дебатқа 8 үміткер қатысты. Олардың ішінде партияның негізгі үміткері Дональд Трамп қатысқан жоқ. Трамп оның себебін түсіндірген кезде, халық алдында беделінің дебатқа қатыспаса да түсінікті екенін мәлімдеді. Шынында да, түрлі әлеуметтік зерттеу нәтижелері оның сөзін дәлелдеп отыр. Associated Press бұқаралық саясатты зерттеу орталығының мәліметінше, республикалықтардың үштен екісі (63%) Трамптың қайтадан үміткер болғанын қалайды-мыс.

Үміткерлер дебатта ішкі және сыртқы саясат жайлы пікір таласты. Сыртқы саясатта Украинаға көмек көрсету не көрсетпеу мәселесін көтерді. Бұл тақырып ең негізгі мәселе болды. Миллионер Вивек Рамасвами Украинаға әскери және қаржылай көмекті өсіру түгілі оны мүлдем қолдамай-



тын болып шықты. Оның ойынша мемлекет барынша оңтүстіктен төнетін қауіпке қарсы әрекет етуі тиіс. Оңтүстік дегені, Мексикадан келетін заңсыз мигранттар мәселесі. Кезінде Трамп президент болған тұста Мексикамен шекарада қабырға тұрғызғаны белгілі. Шығыста Ұлы Қытай қорғаны болса, батыста «Трамп қабырғасы» тұрғызылды. Вивектің пікіріне БҰҰ-да АҚШ елшісі болған Никки Хейли қарсы келді.

Келесі басты тақырып Дональд Трамптың 2020 жылғы әрекеті болды. Ол сайлау нәтижесімен келіспеді. Сөйтіп, өз мәлімдемелерімен бір топ азаматтың Капитолийді шабуылдауына түрткі болған. Крис Кристи мен Эйза Хатчинсон Трамптың әрекеттерін сынға алып антиконституциялық деп айыптады. Ал сауалнамаларда екінші орында тұрған Рон Десантис Трампты айыптауға асыққан жоқ. Тек сөзінің соңында сол кездегі вице-

президент Майк Пенсті мақтап, Трамптың жетегінде кеткен жоқ деп мәлімдеме жасады.

Алуан пікірге қарамастан жалпы партия келесі сайлауда өз үміткерінің жеңіске жеткенін қалайды. Ол үшін түрлі саяси технологиялар қолданылуы мүмкін.

WHO IS WHO?

Майк Пенс – Дональд Трамп президент болған тұста вице-президент лауазымын атқарған. Алдыңғы сайлауда Трампты қолдаған. Сондықтан ол қазір де Трамптың саяси тобында деп болжауға болады. Мақсаты вице-президенттік немесе министрлер кабинетінде бір лауазым болуы мүмкін.

Рон Десантис – Трамптан кейінгі негізгі үміткер. 2019 жылдан бері Флорида штатының губернаторы. Дебатта Трампты сынғанда да, Майк Пенсті мақтады. Дональд Трампты егер оған қарсы айып тағылмаса, қолдайтын сыңайлы. Саяси ұпай жинау мақ-

сатында партияшілік альянс құруы мүмкін. Трамп жеңілген 2020 жылғы сайлауда Флорида штатында ол жеңіске жетіп еді. Соған қарағанда өзі басқаратын штатта Трампқа дауыс беруге үгіттеуі мүмкін.

Никки Хейли – Трамп президент болған уақытта, 2017-2018 жылдары АҚШ-тың БҰҰ-дағы тұрақты өкілі қызметін атқарған. Партияшілік сайлауға түсудегі басты мақсаты соңғы сәтте Трампты қолдап, ол жеңіске жеткен жағдайда бұрынғы қызметіне оралу немесе сыртқы саяси мәселелермен айналысатын өзге де лауазымды атқару болуы мүмкін.

Вивек Рамасвами – саяси тәжірибесі жоқ жалғыз үміткер. Бизнес саласынан келген миллионер. Бірінші дебатта жеңіске жетті. Трампты қолдайды. Алайда, алдағы сайлауда оның қандай әрекет ететіні белгісіз.

Крис Кристи – 2016 жылы Майк Пенспен вице-премьер болуға бәсекеге түскен. Алайда, Трамп оны таңдаған жоқ. Содан болу керек, дебат кезінде экс-президентті сынның астына алған.

Ал Тим Скотт, Эйза Хатчинсон және Даг Бергум саяси бәйгеден жарты жолда түсіп қалатын сыңайлы. Себебі, алғашқы дебатта өздерін көрсете алмады.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚ

Саясат БЕЙІСБАЙ,
Философия, саясаттану және дінтану институтының бас сарапшысы:


ХАЛЫҚ АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН РЕФОРМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІН СЕЗІНУІ КЕРЕК

Биылғы Жолдаудың ерекшелігі, Президент басты назарды экономикаға аударды. Әрине, бұрынғы тапсырмалар да назардан тыс қалған жоқ. Сол міндеттерді жүзеге асыру да күн тәртібінен түспейді.

Дегенмен, өткенге көз жүгіртсек, бұрынғы Жолдауда көрсетілген міндеттердің көбі орындалмай жатқанын айтады жұртшылық. Соған Үкімет тарапынан бақылау неге әлсіз? Не себептен тапсырмалар орындалмай жатыр? Неге көбі қағаз жүзінде қалуда? Мемлекет қаржысы босқа ысырап болып жатқан жоқ па? Мысалы, көптеген мектептер салынбай қалды, жолдардың да салынуы тым созылып кетті әрі сапасы сын көтермейді. Осыған дейін экономикалық модель тым әлсіз болды, салық заңдары тиісінше орындалмай келді. Жұртшылық тарапынан миллиардтаған қаржы ысырап болатыны, соған тиісті бақылаудың нашар екені жиі айтылуда.

Осы жолғы Президент «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында ендігі жерде жүктелген тапсырмаларды созбай, нақты мерзім ішінде, атап айтқанда үш жыл ішінде орындау керектігін қадап айтты. Бұл жолы басты басымдық экономика саласына беріліп отырғаны қуантады. Ендігі жерде Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдарын, яғни бағытын белгілеп, соны жүзеге асыру қажет деді. Мемлекет басшысының айтуынша, бұдан былай ел экономикасының жүзеге асырылуына министрлер мен әкімдер тікелей жауапты болады.

Елімізде электр энергиясы тапшылығын жоюдың бір көзі атом электр станциясын салу. Алайда, еліміз халқы атом қаруынан орасан зардап шеккендіктен, бұл мәселеде жұртшылықтың алаңдаушылығы заңды. Ол эрине, халықты толғандыратын үлкен мәселе. Сондықтан АЭС салу мәселесі елімізде бүкілхалықтық референдум



арқылы жүзеге асырылады. Бұл тұрғыда халық сенімі маңызды деп атап көрсетті Президент. Жалпы, болашақта елімізде АЭС салу мәселесі оң шешілсе, соны кімге сеніп тапсырамыз? Ресейге ме, Францияға ма, Қытайға ма, Кореяға ма, әлде Жапонияға ма деген мәселе де күн тәртібіне қойылатыны түсінікті.

Жолдауда атап көрсетілгендей, елдің экономикалық салаларын жедел жақсартып, нақты жүзеге асыру қажеттігін Мемлекет басшысы осы жолы қадап айтты. Экономиканы дамытуға жігер берген Жолдаудың алға қойған міндеттерінің маңызы үлкен. Елімізді экономикалық тұрғыда барлық салада өзімізді-өзіміз толық қамтамасыз ету мәселесі аса өзекті. Сондықтан да Президент бұл мәселеге ерекше тоқталды. Экономикалық қауіпсіздік мәселесі де ерекше назарда болуы тиіс.

Өндірісті жүйелі түрде қолға алу, тау-кен секторын, геологиялық бақылау мәселелерін жүзеге асыру да өткір қойылып отыр. Экономиканы дамытуға жігер берген Жолдаудан халықтың күтері мол.

Еліміздегі Теңіз, Қашаған, Қарашыған мұнай өңдеу салаларындағы газды үнемдеу арқылы халыққа арзан бағамен сату керектігі айтылды.

Агроөнеркәсіп саласын дамыту бұрын да жиі айтылып келген мәселе. Алайда, осы жолы Президент бұл мәселеге ерекше тоқталды. Ауыл шаруашылығын, оны жүйелі дамыту аса маңызды. Ендігі жерде шикізат шылауынан арылып, нақты нәтижеге қол жеткізу қажет. Елдегі 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылғаны белгілі. Бұдан былай осындай ауқымды байлық ел игілігіне жараса дейсін. Президент алдағы үш жылда ауыл шаруашылығы өнімдерін 70 пайызға көбейту міндетін алға қойды. Бұл салада ауыл шаруашылығы өнімдерін арттыру, сондай-ақ, тері, жүн, ет өнімдерін өңдеу, яғни логистиканы дамыту мәселесі маңызды екені түсінікті.

Су мәселесі аса өзекті бүгінде. Су жетіспеушілігінің зардабын өтіп бара жатқан жазда еліміздің бірқатар шаруашылықтары көрді. Бізде суды көршілес елдерден алу өз алдына, өзіміздегі өзен-көлдердің, жерасты суларының ысырап болуы да жиі байқалады. Мысалы, ел ішіндегі жерасты суларының қырық пайызы құмға сіңіп ысырап болады екен. Сондықтан суды барынша үнемдеп пайдалану еліміз үшін ерекше мәселенің бірі.

Елімізде кадр тапшылығы жоқ екені айтылды. Білімді жастар баршылық. Отыз жыл бойы шетелдік инвесторларға басымдық берілсе, ендігі жерде өзіміздегі ішкі резервтерді пайдалану керек.

Жалпы алғанда, су шаруашылығы, агроөнеркәсіп, энергетика, өндіріс, тау-кен саласы, көлік инфрақұрылымы басты назар аударатын салалар болуы тиіс. Қорыта айтқанда, экономиканы әртараптандыру маңызды.

Осылайша бұл Жолдауда қоғам үшін маңызды, өзекті мәселелер орынды қозғалды. Халық алға қойылған реформалардың оң шешілуін сезінуі керек. Ендігі жерде Президент Жолдауының оң нәтижелері қандай болады? Осыған жауаптылар тиісті нәтиже шығарып, бақылауды күшейте ме, оны алдағы уақыт көрсетеді.

Бақтияр КАМАЛОВ,
Алматы қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

САЯСИ ПАРТИЯЛАР ҚОЗҒАУШЫ КҮШКЕ АЙНАЛУЫ ҚАЖЕТ

Біз азаматтардың әл-ауқаты мен еліміздің экономикасының дамуындағы түбегейлі өзгерісті күте келе, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын зор ықыласпен тыңдадық. Ел Президенті өз Жолдауында алдағы экономикалық реформаның негізгі бағыттарын айқындап берді. Жаңа экономикалық бағыттың айқындаушы принциптері әділдік, инклюзивтілік пен прагматизм болмақ. Жаңа жүйе отандық кәсіпкерлікті одан әрі қолдауға, ең бастысы бюджеттік қаржыландыру арқылы өзекті мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді.



Жаңа экономикалық модельге көшу аясында Президентіміз аудан әкімдеріне бюджетті дербес қалыптастыру құқығын берумен бірге, өңірлердің бюджеттік дербестік деңгейін арттыруды ұсынды, бұл өзекті мәселелерді шешуді айтарлықтай

жергілікті жерде жеделдетеді. Атқарушы биліктің министрлерден, жергілікті әкімдерден бастап жүргізіліп жатқан экономикалық реформаны жүзеге асырудағы жеке жауапкершілігін күшейту, қағазбастылықты, бюрократизмді болдырмау мақсатында

Президент Әкімшілігімен келісім бойынша ҚР Үкіметінің ел экономикасын басқарудағы толық дербестігіне құқық берді.

Президент Әкімшілігі – «Саяси штаб» ретінде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына, ішкі және сыртқы саясат, қорғаныс, құқықтық және кадрлық саясат мәселелеріне шоғырланатын болады. Еліміз үшін қиын-қыстау кезеңде Президент бастама көтеріп, егжей-тегжейлі есептеу мен зерттеулерге сүйене отырып, еліміздің экономикалық дамуының жобаларын ұсынды.

«Әділетті Қазақстанды» құру үшін тек саяси және экономикалық реформалар жеткіліксіз екенін бәріміз білеміз. Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, соның ішінде саяси партиялар да Президенттің реформаларының төңірегінде топтасып, сол арқылы барлық сындарлы күштердің топтасуын қамтамасыз ететін пікірлестердің ең мықты өзегіне айналуы, сондай-ақ саяси партиялардың қозғаушы күші мен қоғамымыздың трансформациясына айналуы қажет.

ОЙ.ПІКІР.ҰСЫНЫС

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің профессоры,
тарих ғылымының докторы:

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – МӘНГІЛІК МІНДЕТ

Соңғы 2-3 жыл көлемінде Құрылтай сөзі көне тарихтың көмбесінен шығып, бүгінгі өміріміздің жаңа сөзі секілді айналымға ене бастады. Өткен 2022 жылы алғашқы Ұлттық Құрылтай жаздың алғашқы айының ортасында символды түрде Ұлытауда өткені баршамызға мәлім. Тек осы болған оқиғаның атауы мен өткізілген жерінің киелілігі халқымыздың санасын бір сілкіндіргенін сезіндік. Соның жалғасы ретінде биыл, 2023 жылы тағы да жаздың басында екінші Ұлттық Құрылтай қасиетті, әрі киелі, әрі тарихи қала – Түркістанда өтті. Оның да өзіндік мәні бар.

Түркістан қаласы – Қазақ Елі үшін де, бүкіл Түрік әлемі үшін де рухани орталық болып отырған қала. Сондықтан да бұл қалада негізінен қазақ ұлты үшін басты рухани мәселелердің көтерілгені заңдылық болып саналады. «Әділетті Қазақстан және Адал Азамат» атауымен өткен жиында Мемлекет басшысы жеті негізгі мәселені ұсынды. Ол мәселелердің әрқайсысын жеке-жеке талдап, олардың маңыздылығын арнайы жиында кең түрде көрсетуге болады. Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы айтқан бірінші міндеттің өзі ауқымды. «Мемлекеттік нышандарды жетілдіру» деп аталатын алғашқы міндетте «Ел Бірлігі», «Сұлтан Бейбарыс» ордені және тағы басқа ірі тарихи тұлғаларды құрметтеуге арналған мемлекеттік марапаттарды енгізуді ұсынды. Тарихи тұлғаларымыз көп-ау, бірақ олар тек бірнеше жүзжылдық тойларда ғана атап өтіледі, ал ерліктері үшін, әдеби, музыкалық шығармашылықтары үшін, рухани еңбектері үшін бұрынғы замандардағы батырларымыздың, ақын-жазушыларымыздың, би-шешендеріміздің, діни көсемдеріміздің атында мемлекеттік марапаттар болса, ол тұлғаларды халқымен мәңгі бірге деуге болады. Тағы бір марапат – «Ел бірлігі». Халқымыздың ұйытқысы бола білген, ел бірлігі мен жер тұтастығы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген қанша тұлғаларымыз бар. Соларға арнап «Ел бірлігі» марапатын тағайындаса, нағыз әділеттілік болар еді.

Бірінші міндетті жүзеге асыру – Ұлттық Құрылтайда айтылған екінші міндетті орындаудың алғашқы қадамдары болып саналады. Ұлттық тарихи сана-сезімді жаңғырту – ұлт тарихын жаңа талаптарға сай орындаумен, академиялық жаңа басылымдарды орындаумен, тарихты жаңа өмірге бейімдеп көрсетумен байланысты. Өз кезегінде бұл міндетті орындау үшінші және төртінші міндеттерге алып келеді. Ұрпақ тәрбиесі – ешқашан екінші қатарға түспейтін, мәңгілік міндет деп білу керек. Ұлттың ертеңі жас ұрпақ тәрбиесімен тікелей байланысты. Оны жүзеге асырудың бір кілті – мәдени мұраларымызды дәріптеу арқылы жүргенде ғана тиімді болмақ.

Жалпы қорыта айтқанда, рухани орталық – Түркістан қаласында өткізілген Ұлттық Құрылтайдың екінші отырысы ұлт үшін рухани маңызды көтерді. Оларды орындағанда ұлтымыздың рухани болмысы қатая түсіп, жаһандандудың барлық иірімдері мен дауылдарына төтеп бере алады дейміз.



ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ЖАҢАРТЫЛҒАН ҚҰРАМ ІСКЕ КІРІСТІ

Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы қаралды

Кеше ел Үкіметінің жаңартылған құрамының алғашқы отырысы өтіп, онда Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы қаралды.

Жолдауда Президент жалпы, еңбек нарығын жан-жақты дамыту үшін Үкімет қысқа мерзімде 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарды бекітуі керектігін айтқан еді. «Жаңа экономикалық саясаттың қағидалары мен басымдықтарын нақты айқындаумен қатар, алдағы реформаларды сапалы әрі толық жүзеге асыру өте маңызды. Оның табысты болуы мемлекеттік қызметшілердің біліктілігіне, жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты. Реформалардың іске асырылуына негізінс атқарушы билік жауап береді. Сондықтан ең алдымен, оның өзін өзгерту қажет», – деді.

Осы орайда Президент өзгерісті өз әкімшілігінен бастағанын айтқан жөн. Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары лауазымдары жойылды. Сондай-ақ, төрт бөлім қысқарды. Осылайша Президент Әкімшілігінің басқару құрылымының өзгеруіне байланысты бірқатар қызметкерлер лауазымынан босатылып, жаңа кадрлық тағайындаулар болды. Ал жаңартылған құрылымға Жарлыққа сәйкес: ішкі саясат және коммуникациялар мәселелері; экономикалық мәселелер; халықаралық мәселелер; құқықтық мәселелер; ғылым және инновация мәселелері бойынша Президент көмекшілері лауазымдары енгізілді. Мемлекет басшысының өкімімен Қанат Бозымбаев Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, ал Әсет Ерғалиев Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі болып тағайындалды. Болат Тілеп Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі лауазымынан босатылып, бұл қызметке Айжан Шайназарова, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінің Баспасөз хатшысы лауазымына Нұрмұхамед Исманұлы Байғараев тағайындалды.

ҮКІМЕТ: АУЫС-ТҮЙІС

Мемлекет басшысының Жарлықтарымен Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация; Көлік; Туризм және спорт; Мәдениет және ақпарат; Өнеркәсіп және құрылыс министрліктері құрылды, бірқатар министрлер лауазымдарынан босатылды. Серік Жұманғарин мен Тамара Дүйсенова Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасарлары қызметтерін сақтап қалды.

Жаңа лауазымдар бойынша Марат Қарабаев – Көлік министрі; Аида Балаева – Мәдениет және ақпарат министрі; Арман Шаққалиев – Сауда және интеграция министрі; Светлана Жақыпова – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі; Ермек Маржыпаев – Туризм және спорт министрі; Айдарбек Сапаров – Ауыл шаруашылығы министрі; Нұржан Нұржігітов – Су ресурстары және ирригация министрі; Қанат Шарлапаев – Өнеркәсіп және құрылыс министрі; Ерлан Нысанбаев – Экология және табиғи ресурстар министрі; Ержан Сәденов – Ішкі істер министрі болып тағайындалды.

Конституцияға сәйкес, Ұлттық банктің төрағасын Қазақстан Президенті Парламент Сенаты депутаттарының келісімімен тағайындайды. Мемлекет басшысының Жарлығымен Тимур Сүлейменов Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы лауазымына тағайындалды.

Сонымен қатар, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл облыстары мен Шымкент қаласының басшылары да ауысты. Өңірлердегі барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының жиналыстарындағы



ашық дауыс беру нәтижелеріне сәйкес, Президент Жарлықтарымен Марат Ахметжанов – Ақмола облысының әкімі, Асхат Шахаров – Ақтөбе облысының әкімі, Ербол Қарашөкеев – Жамбыл облысының әкімі лауазымдарына тағайындалды. Ал Ғабит Сыздықбеков Шымкент қаласының әкімі лауазымына тағайындалды.

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛГІ

Мемлекет басшысы Жолдауда әр саладағы реформаның басты бағыттарын да тұжырымдап өткені белгілі: «Біріншіден, нақты салаларға қатысты шешімдерді әзірлеу және орындау міндеті, сондай-ақ түпкі нәтиже үшін жауапкершілік толығымен министрлерге жүктеледі. Өйткені, олар өзінің бұйрығымен жедел шешім қабылдап отыруға тиіс. Бұл – әкімдерге де қатысты мәселе. Екіншіден, экономикалық саясаттың іске асырылуына Үкімет толығымен жауап береді. Бюрократияға және сөзбұйдаға салынбай, Президент Әкімшілігіне жалтақтамай, экономиканы дербес басқарудың барлық әдіс-тәсілдерін қолында ұстауға тиіс». Яғни мемлекетті өркендету, халықтың әл-ауқатын арттыру үшін бүкіл экономикалық жүйені шұғыл түрде түбегейлі қайта қарап, өзгерту миссиясы қолға алынбақ.

Президент айтқандай, осындай аса маңызды шақта зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өту керек. Бұл жұмысты батыл жүргізу қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс. Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналмақ.

Үкіметте өткен алқалы жиынның бас баяндамашысы – Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы экономиканың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, азаматтардың әл-ауқатын сапалы өсіруге бағытталған 100 іс-шарадан тұратынын негіздеп, әр бағдар бойынша түсініктеме берді.

Әлихан Смайылов бұл құжат Жолдауда айтылған барлық бастама мен тапсырманы қамтитынын атап өтті: «Құжат жедел экономикалық өсімге, инфрақұрылым мен инновацияларды дамытуға ықпал ететін жаңа экономикалық саясатты іске асыру жөніндегі маңызды міндеттерді шешуге бағытталған. Бұл, сайып келгенде, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруына әсер етеді».

Премьер-министрдің пікірінше, аталған шараларды тиімді іске асыру, бірінші кезекте министрлер мен әкімдердің, сондай-ақ, тұтастай алғанда, экономикалық саясатты іске асыруға жауапты Үкіметтің үйлесімді және жедел жұмысына байланысты болмақ: «Барлық мемлекеттік орган мен әкімдік Жоспарды бірден орындауға кірісуі қажет. Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары көзделген іс-шаралардың сапалы және уақытылы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс».

ТАРИФ ЖӘНЕ ТУРИЗМ, БИЗНЕС ЖӘНЕ «КЕЛЕСЕК»

Қоғамды алаңдатқан маңызды мәселелерді тарқатып айтсақ, биылдан бастап қолға алынған «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясындағы жаңа тарифтік саясат монополистердің жауапкершілігін қатаңдатуға, цифрландыру және тариф белгілеудің ашықтығын қамтамасыз етуге, коммуналдық қызметтердің ресурс үнемдеу мәдениетін арттыруға, халықтың әлеуметтік осал топтарына тұрғын үй көмегін көрсетуге және су шаруашылығы объектілерін пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталмақ.

Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасына сәйкес, туризм саласында осы жылдың соңына дейін кемінде 15 ірі жоба айқындалып, әкімдердің дербес жауапкершілігін бекіте отырып, арнайы жол картасы бекітілетін болады. 2029 жылға дейін Қазақстанда 62 мың шақырым инженерлік желіні жаңғырту жоспарланып отыр. Автомобиль жолдарын сапалы реконструкциялауды жүргізу бойынша ұзындығы 4,7 мың шақырымдық (жалпы құны 7 трлн теңге) басым автожолдар жобалары айқындалған.

Сонымен қатар, «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктіру есебінен шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленетін болады. Кешенді бағдарлама бәсекеге қабілетті және өсуге әлеуеті бар шағын және орта бизнесті қолдауға шоғырландырылатын болады. Бизнесті мемлекеттік қолдаудың операциялық тиімділігін жақсарту үшін «Бәйтерек» холдингін, оның ішінде цифрландыру арқылы құрылымдық трансформациялау жоспарлануда. Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіне қатысу үшін кең қамтуды және қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында «Отбасы банктің» фокусы облыс орталықтарынан аудандарға, монокалалар мен ауылдарға қайта бағдарланатын болады. Еліміздің барлық мектебі отандық білім беру ресурстарына қол жеткізу кезінде тегін интернет-трафикпен қамтамасыз етілетін болады.

Зорлық-зомбылық және буллинг құрбандарына көмек көрсету үшін «111» бірыңғай байланыс орталығын құру жоспарлануда. Сондай-ақ, ведомствоаралық бағдарлама арқылы зорлық-зомбылық және буллинг құрбандарына көмек көрсетудің тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау жоспарланып отыр.

«КЕЛЕСЕК» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі енгізіледі, ол бес жастағы балалардан бастап қамтиды. «КЕЛЕСЕК» жүйесін енгізу жобасы жеңілдетілген білім беру несиесі мен сараланған грант алу тетігін интеграциялауды көздейді. Ең төмен жалақыны 85 мың теңгеге дейін көтеру үшін «2024–2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасына өзгерістер енгізіледі.

2023 жылдың соңына дейін 2030 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы және Еңбек нарығын дамытудың кешенді жоспары қабылданбақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

ЖОЛДАУ–2023:

БАСТЫ БАҒДАРЛАР, МАҚСАТ-МІНДЕТТЕР

- Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет.
- Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті. Ұлттық бизнестің мүддесін қорғау керек.
- Үкімет кәсіпорындардың технологиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауы қажет.
- «Жаңа заманның мұнайына» айналған сирек және жерде сирек кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі болуы керек.
- Өңдеу өнеркәсібін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторларын бастапқы үш жылда салықтан және басқа да міндетті төлемдерден босатқан жөн.
- Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткізіміз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет.
- Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Оны үнемдеп пайдалану керек. Бұл жаңа тұрмыстық мәдениетке айналуы қажет.
- Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс.
- Атом электр станциясын салу немесе салмау мәселесі – еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Сондықтан оны жалпыұлттық референдум арқылы шешкен жөн деп санаймын.
- Жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізу, трансшекаралық суларды пайдалану мәселелерін шешу – Үкіметтің алдында тұрған аса маңызды міндеттер.
- Су үнемдейтін технологияларды енгізу – аса маңызды және шұғыл міндет.
- Қазақстан Еуразия құрлығындағы басты транзит хабы ретіндегі ролін арттыруы керек. Осылайша уақыт өте келе көлік-логистика саласындағы ірі мемлекетке айналуымыз қажет.
- Көлік-логистика саласын қарқынды дамыту – стратегиялық міндет.
- Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру.
- 2026 жылға қарай IT қызметтерінің экспортын бір миллиард долларға жеткізу – Үкіметке жүктелетін жаңа міндет. Шетелдің ірі IT компанияларымен бірлескен кәсіпорындар ашу бұл іске септігін тигіззері сөзсіз. Үкімет осы мәселені мұқият зерделеп, нақты ұсыныстар енгізуі керек.
- Үкімет жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс. Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз.
- Білікті мамандар даярлауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек.
- Елімізде креативті экономиканың жан-жақты дамуына барлық жағдайды жасауымыз керек. Соның ішінде зияткерлік меншікті қорғайтын құқықтық тәсілдер қажет. Бұл – өте маңызды мәселе.
- Креативті индустрия орталықтары барлық облыс орталығында болуға тиіс. Онда креативті адамдардың өз өнімін коммерциализациялауға көмек көрсетілуі керек.
- Билік пен бизнестің арасында сындарлы диалог болуы қажет.
- Салық саласында заң бұзғандарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болатын шекті анықтайтын әділ механизм енгізу қажет.
- Құқық қорғау органдарының кәсіпкерлерді қудалауын біржола тоқтату керек. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету, саланы реттейміз деген желеумен жасалатын қысымды азайту және бәсекелестікті дамыту мәселелерін мұқият талқылау қажет.
- Азаматтардың мүддесі мен сұранысы – Қазақстанның экономикалық даму стратегиясының өзегі. Яғни адамның қажеттілігі әрдайым басты назарда болады.
- Үкіметтің міндеті – қазіргі демографиялық ахуалды еліміздің бәсекеге қабілетін арттыруға пайдалану.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

● КЕРЕК ДЕРЕК

• «Алматы электр станциялары» АҚ («АлЭС» АҚ – ЖЭО-1, ЖЭО-2, БТК) және «Алматыжылуэкоэнергосервис» ЖШС («АТКЭ» ЖШС 84 қазандық) – жылу көздерінен жылу мен ыстық сумен жабдықтауда Алматы қаласының тұтынушыларына жылу энергиясын тасымалдаушы.

• 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «АлТЭС» ЖШС жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 1359 км (2022 жылы өсім 7,55 км құрады), оның ішінде магистральдық жылу желілері (МТС) – 292 км және тарату жылу желілері (РТС) – 1067 км.

• Пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын жылу желілерінің үлесі 59,2%. (1359,88 км-ден 804,5 км) құрайды (2022 жылмен салыстырғанда 0,8%-ға төмендеу).

• 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жылу энергиясын тұтынушылар саны – 441 458 бірлік. Соның ішінде жеке тұлғалар – 425 990 дербес шот, заңды тұлғалармен – 15 468 шарт жасалды. Барлығы – 8967 КТК.

жергілікті бюджет қаражаты есебінен – 12,3 млрд теңге сомасына 7,8 км ұзындықтағы 9 нысан, тариф есебінен – 1,3 млрд теңге сомасына 1,3 км ұзындықтағы 3 нысанда жұмыс жасалуда», – деп хабарлады Табиғи монополияларды реттеу комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Әсел Беденеева.

Биыл өткізілетін іс-шараларды мердігерлік ұйымдар бекітілген кестеге сәйкес орындап, ағымдағы жылдың 15 қыркүйегіне дейін аяқтау жоспарлануда. 2023 жылға арналған желілерді реконструкциялау жұмыстары 90%-ға аяқталды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жыл соңына дейін жылу желілерін реконструкциялау есебінен тозуды 0,66%-ға төмендету, сондай-ақ ысырапты 0,36%-ға азайту жоспарлануда.

● ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ 15 қыркүйекке дейін аяқталады



Айнабай
МӘДИ

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті жергілікті атқарушы органның, қалалық мәслихат депутаттарының, БАҚ-тың, қоғам қайраткерлерінің қатысуымен «Тарифті инвестицияларға айырбастау» қағидатына көшу шеңберінде «Алматы жылу жүйесі» ЖШС («АЛЖЖ» ЖШС) инвестициялық бағдарламасының іс-шараларын орындау бойынша баспасөз турынын өткізді.

«Тарифті инвестицияларға айырбастау» мемлекеттік саясатын іске асыру шеңберінде серіктестіктің инвестициялық бағдарламасы кеңейтілді. Мәселен, 2023 жылға қосымша іс-шаралар 13 938 078,44 мың теңге сомасына бекітілді. Соның ішінде 1 399 761,53 мың теңге – тариф есебінен және жергілікті бюджет қаражаты есебінен – 12 538 316,91 мың теңге.

«Бүгінге дейін жылыту маусымына дайындық жұмыстарының 89 пайызы атқарылды. Желілерді реконструкциялауды жалғастырып жатырмыз. Бүкіл қаладағы жылыту маусымына дайындық жұмыстарының 85 пайызы бітті. Қаламыздағы барлық нысандағы жұмыстарды 15 қыркүйекке дейін аяқтап, жылу жүйесін іске қосамыз», – деп мәлімдеді «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің бас инженері Қайрат Шағаев.

Ағымдағы жылы жылу желілерінің тозуы – 59,2%-ды құрайды. 2023–2026 жылдар кезеңінде қосымша бөлінген қаражатты ескере келе, желілердің тозуы – 8%-дан астам төмендейді деп күтілуде. Бұл шамамен алғанда, 116 км желіні жаңартуға мүмкіндік береді.

Баспасөз турына қатысушылар «Айнабұлақ», «Құлагер» ықшам-аудандарының аумағы арқылы өтетін

құбырларды жаңадан салу (қайта құру), Мақатаев көшесіндегі құбыр ауыстыру жұмыстарымен танысты. Бұл жұмыстар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізілуде. Жылу трассасының жалпы ұзындығы (1981 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан) 2200 метрге (Ду-600, 500) жетеді. Статистика бойынша үш жыл ішінде осы учаскеде 15 штаттан тыс жағдай анықталды. Қайта құру аяқталғаннан кейін 344 көп-пәтерлі тұрғын үй, 11 мектеп, 3 денсаулық сақтау нысаны мен 483 өзге нысан жылумен, ыстық сумен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, қатысушылар 1990 жылы пайдалануға берілген, Райымбек даңғылымен әрі қарай Казаков көшесімен өтетін, Бродский көшесіне, Рысқұлов даңғылына дейін өтетін жылу трассасында жүргізіліп жатқан жұмыспен танысты. Ұзындығы – 952 метр (Ду-500 мм). Үш жыл ішінде бұл учаскеде 11 штаттан тыс жағдай тіркелді. Жылу трассасы 44 көп-пәтерлі үйді, 2 жеке үйді, 2 мектеп пен 25 басқа нысанды жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етеді.

«Бүгіндері «Алматы жылу жүйесі» ЖШС бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруды жалғастыруда. Биыл жалпы ұзындығы 9,1 км, сомасы 13,6 млрд теңге болатын 12 қайта құру объектісі бойынша жұмыс жүргізілуде. Соның ішінде

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету бойынша ахуалдық орталық құрылды. Қазірдің өзінде бұл Call-орталықта 4 мыңнан астам қонырау өңделді.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында жатақханаға орналасуға арналған онлайн-платформа бар. Бұл – студенттерге жатақханадан онлайн орын алуға мүмкіндік беретін университеттің веб-сайты.

Университеттер мен инвесторларға жатақхана құрылысына қолдау көрсету үшін наурыз айында Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп Жобалық кеңсе құрылды.

«Жобалық кеңсе іске қосылғаннан бері 107-ден астам инвестор жүгінді, Жұмыста 47 жоба бар. 2 нысан ашылды. 15 қыркүйекке дейін тағы 900 төсек-орын ашуды жоспарлап отырмыз. Жыл соңына дейін 3939 төсек-орынға арналған 16 нысанды пайдалануға беру жоспарда бар», – деді қалалық Жастар саясаты басқармасының басшысы.

Тегін жер телімдерінің жоқтығын ескере отырып, қала үшін жатақханаға арналған нысандарды қайта жаңарту мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Бүгінде мемлекет 8 жылға жыл сайын бір төсекке 92 АЕК (шамамен 317 мың теңге) бөледі. Үкімет субсидияларды 184 АЕК-ке (шамамен 635 мың теңге) дейін арттыру туралы ұсынысты қолдады. Бұл қадам мәселені шешуді тездетеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім беру кезеңінде ЖОО жатақханаларында тұру үшін



жетім балалар мен I және II топтағы мүгедектерге 29 АЕК-тен (100 050 теңге) аспайтын мөлшерде өтемақы қарастырылған. Оны Қазақстан бойынша барлығы 7 мыңнан астам адам алады.

Студенттерге арналған ахуалдық орталықтар ЖОО жанындағы жатақханалардағы орындар туралы студенттерді хабардар етеді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Орталықтың байланыс телефон нөмірі: +7 700 255 14 43, +7 707 666 00 37.

Сондай-ақ, барлық жоғары оқу орнында студенттерді жатақханаларға орналастыру бойынша жедел штаб (тәрбие жұмысы жөніндегі проректор) жұмыс істейді және жедел желі телефондары бар.



АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

ТҰРҒЫНДАР ДӘН РИЗА

Алатау ауданында жаңа демалыс аймағы ашылды



Қала әкімінің тапсырмасы мен тұрғындардың өтініштері бойынша 2022-2023 жылғы жөндеу аясында Алатау ауданы «Ақбұлақ» шағынауданы, Аханов көшесі бойынша ұзындығы 450 метр болатын, бір мезгілде 700 адамды қабылдай алатын демалыс аймағы ашылды.

Бүгінде аумақ толығымен абаттандырылған. 6000 шаршы метрден астам демалыс аймағында серуендеу жолдары төселіп,

орындықтар мен урналар, көше жарығы, пергала орнатылды. Бұқаралық спортты дамыту үшін де барлық жағдай жасалған.

Футбол, баскетбол алаңдары, үстел теннисіне арналған екі үстел, сондай-ақ кеме тәрізді балалар ойын алаңы қарастырылған.

Құрылысшылар Мемлекеттік туға арналған ту бағанасын да орнатты. Жаңа демалыс аймағы жасыл желекпен бірден көмкерілген. Жұмысшылар қылқан жапырақты ағаштарды отырғызып, 500 шаршы метрден астам жерді көгалдандырды.

СОРҒЫ СТАНСАСЫ
ЖАҢАРТЫЛЫП ЖАТЫР

Алматының Алмалы ауданында тозығы жетіп, құбыры шіріп, істен шыққан су және кәріз сорғылары жаңартылып жатыр. Биыл жергілікті халық үздіксіз сумен қамтамасыз етіліп, жаңа сорғы стансасының игілігін көрмек.

Алмалылық тұрғындардың айтуларынша, 8 мың тұрғынды қамтып отырған сорғы стансасы 1983 жылдан бері жөндеу көрмеген, үнемі істен шығып, пәтер иелерінің берекесін қашырған.

Алматы қаласының әкімдігі тұрғындардың өтінішін ескеріп, қала билігі бюджеттен қаржы бөліп, бірден шаруаға кіріскен. Мердігер компания өкілінің айтуынша, сорғы стансасының құбыр желілері тозған. Егер мәселе шешілмегенде, тұрғындар сусыз қалуы бек мүмкін болатын.

– Жөндеу тамыздың ортасында басталды. Енді қажетті жабдықтарын орнатып, қарашаның соңына дейін толық аяқтаймыз, – дейді мердігер компанияның жоба бойынша жетекшісі Сергей Ковалёв.

Дәл осындай су және кәріз құбырлары шіріп, тозған келесі тұрғын үйде қазіргі таңда жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Онда төрт мыңға жуық тұрғын бар.

– Сорғы стансасының тозығы жетіп, жертөлемізді су басып қала беретін. Тұрғындар жина-

лып, қала билігінің көмегіне жүгіндік. Әкімдік өкілдері 15 жұмыс күн ішінде кері байланысқа шығып, тозығы жеткен нысанды жаңа кәріз сорғы стансасына ауыстыруды ұйғарды. Қазір жөндеу жүріп жатыр, – деді тұрғын үй кешенінің МИБ төрағасы Алексей Ким.

– Бұл тұрғын үйлер 2016 жылы қолданысқа берілген. Мердігер ұйымның жұмысын толық аяқтамағандықтан, коммуналдық шаруашылық мекемелерінің балансына өтпеген. Құрылыс жобалау құжаттары барысында сапасыз заттарды қолданғандықтан, сорғы стансалары үнемі істен шыға берген, – деді Алмалы ауданы әкімі аппараты бөлімінің бас маманы Әсет Мамырбаев.

ТУРИЗМ

«МЫҢЖЫЛҚЫ»

жаңа кемпинг-аймағы іске қосылды

«Мыңжылқы» кемпинг-аймағы – тау демалысын, трекингті, хайкингті және серуендеуді ұнататындарға арналған жабдықталған жазғы лагерь. Онда туристердің жайлы және қауіпсіз демалысы үшін шатырлар, жайлы беседкалар, орындықтары бар үстелдер және ұлттық стильдегі «алтыбақан» әткеншектері орнатылды.

Туристерді тартудың жаңа нүктесі кіші Алматы өзенінің бастауында теңіз деңгейінен 3100 м биіктікте орналасқан (2GIS сілтемесі). Маңайында Мәншүк Мәметова атындағы көл мен Амангелді шыңы орналасқан.

«Біз туристер үшін жаңа автобус бағыттарын құру бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Әрбір кемпингтің орны, тақырыбы мен сипатына сәйкес келетін өзіндік бірегей дизайны бар. Кемпинг аймақ-

тары туралы барлық ақпарат карта платформаларына, соның ішінде 2GIS-ке қосылады», – деді Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітова.

«Мыңжылқы» соңғы жылдары Алматы қаласы Туризм басқармасы ашқан тоғызыншы кемпинг-аймақ болды. Биыл жылдың соңына дейін туристік инфрақұрылымды дамыту шеңберінде БАО-да кемпинг-аймақ құрылатын болады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Алматы Туризм басқармасы демалушыларды табиғатты аялап, тауда қоқыс тастамауды сұрайды, сонымен қатар жаяу серуендеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертеді:

- Тауға шыққанда, туыстарыңызға маршрутыңыз туралы хабарлау қажет.
- Ауа райына сай киініңіз, теріңізді күннен қорғаңыз. Өзіңізбен бірге қажетті жабдықтарды, бас киім, ас-су және портативті зарядтағышпен зарядталған телефонды алыңыз.
- Арнайы белгіленген жолдан шықпаңыз.
- Құтқару қызметінің SMS ескертулерін қаперге алыңыз.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингіне генетик-дәрігер, генетикалық зертхананың қызметкері Мадина Элиасова қатысты, ол ДНҚ-ның бірегейлігі, ататекті анықтау сынақтары және генетикалық факторлардың әртүрлі ауруларға әсері туралы айтты.

ДНҚ –
ӨМІР МОЛЕКУЛАСЫАлматылықтар арасында қандай
тесттер сұранысқа ие?

Сарапшы жыл сайын бүкіл әлем бойынша 3 қыркүйекте ДНҚ бірегейлігінің ашылу күні атап өтілетінін еске салды. 1984 жылы британдық ғалым Алек Джеффрис әр адамның ДНҚ-сы ерекше екенін және қайталанбайтынын анықтады.

«ДНҚ – бұл шын мәнінде өмір молекуласы. Бұл нуклеотидтерден тұратын тізбек, биологиялық әліпби деп аталады, онда организм туралы барлық ақпарат бар және бұл ақпаратты бір ұрпақтан екінші ұрпаққа қалай беру керектігі жазылған. 1953 жылы Американдық ғалымдар ДНҚ молекуласының үш өлшемді құрылымын ашты. Яғни барлық ақпарат бір ұрпақтан екінші ұрпаққа қалай берілетіні. Бұл биотехнология мен генетиканың, сондай-ақ медициналық генетиканың қар-

тесттер «шығу тегіне саяхат» деп аталады. Бұл тест ортақ шығу тегін білуге мүмкіндік береді. Анасы жағынан шығу тегін іздеуге мүмкіндігі қиындау, өйткені әйелдер тұрмыс құрады, бүкіл әлемге тарайтыны белгілі және шамамен бұл гаплогруппалар географиялық жағынан бірдей. Тек әкесі жағынан біздің қайдан шыққанымызды түсінуге және ата-бабаларымызды іздеуге, басқа халықтармен ортақ ата-бабаларымызды білуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті ол.

Айтқандай, өзіңіздің туыстығыңызды шамамен 50 мың теңгеге анықтауға болады. Зерттеуші генетиктерге әкесін анықтау мақсатында да жүгінеді. Бұл әдіс сот тәртібінде жиі қолданылады. Отбасына опасыздық жасауды анықтау тесттері де кеңінен танымал. Ол үшін биоматериалдардың үлгі-



қынды дамуына мүмкіндік берді», – деп бөлісті М.Элиасова.

Дәрігер-генетик атап өткендей, ДНҚ-ның бірегейлігі оны криминалистикада қолдануға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда бұл тұлғаны анықтаудың ең дәл шығатын нақты әдісі. Бұл әдіс сот практикасында әкесін анықтау үшін қолданылады.

«Жалпы, қазір биотехнология мен генетиканың арқасында және аурудың қалай жүретінін түсінуде серпіліс бар және сәйкесінше медициналық дамуына, сондай-ақ адамның қандай екенін түсінуге жаңа мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ, ДНҚ-ның бірегейлігін зерттеу тарих ғылымдарының дамуына мүмкіндік берді, яғни тарихи тұлғаларды анықтауға болады. Біз бәріміз де ДНҚ-ның жетістіктерін пайдаланып келеміз, мысалы, 2020 жылы әрқайсымыз ковидке ПТР-тестін тапсырдық. Аурудың болуын немесе болмауын дәл әдіспен анықтауға болады», – деп толықтырды ол.

Журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, сарапшы өзінің шығу тегін анықтауға арналған генетикалық тест бүгінде танымал екенін айтты.

«Генетикалық тесттер шығу тегіне қатысты сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді. Мұндай

лерін, мысалы, тіндерді беру керек.

Генетикалық сынақтар сонымен қатар белгілі бір ауруларға бейімділікті анықтауға мүмкіндік береді.

«Біз сүт безі, аналық без, альцгеймер және т.б. сияқты ауруларға бейімділікке генетикалық тесттер жасаймыз. Олар көптеген факторға байланысты. Егер Жильбер синдромы сияқты моногенетикалық аурулар болса, бұл геннің мутациясын анықтау диагноз қоюға мүмкіндік береді. Мысалы, сүт безі обыры және альцгеймер – көп факторлы аурулар. Бұл гендерді анықтау арқылы біз адамның ауырып қалуы мүмкін немесе ауыратыны туралы айтпаймыз, бейімділік бар деп айта аламыз. Бұл триггер болуы мүмкін қоршаған орта факторларын ескеруге мүмкіндік береді және адамға бұл аурудың алдын алу үшін күнделікті өмірде ескертіліп, мұқият болу керектігі айтылады», – деп түсіндірді сарапшы.

Жүктілікті жоспарлаған жұптар генетиктерге де жүгінеді. Генетиктер өз кезегінде факторларды зерттейді, сонымен қатар, белгілі бір аурулары бар баланың туылу қаупі бар-жоғын анықтайды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



МӘСЕЛЕ

БАЛАҢЫЗ ДҰРЫС
СӨЙЛЕЙ МЕ?

Соңғы жылдары ата-аналар логопедтің көмегіне көп жүгінетін болды. Содан ба, әлде уақыттың талабы ма, қазіргі таңда білім саласында логопедия ғылымын дамыту қолға алынып, жан-жақты дамып келеді. Бұл өз кезегінде жас бүлдіршіндердің болашағына сай ақпаратты коммуникативті технологияның қызметін ұтымды пайдаланудың да бір түрі болса керек. Қазіргі ақпараттар үстемдік құрған заманда сөйлеу тілінің кемшіліктерін жою жолында аталмыш жаңа ақпараттық технологияның да маңызы зор. Бұл ретте логопедия ғылымының көтеріп отырған жүгі қомақты.

Еліміздегі жаңа технологиялардың дамуымен қатар, логопедия ғылымы да өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Бұл ретте компьютерлік технологиялардың түзету, дамыту жұмысына әсері зор. Олардың тиімді әдістері алдыңғы қатарға шығып отыр. Дәл қазір ақпараттық коммуникативті технологиялар (АКТ) балалардың сөйлеу тілін түзетуде ең тиімді құралға айналып отыр. Мәселен, АКТ – бұл сандық және коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралған түрлері. Өз кезегінде оны пайдалану балалардың сөйлеу әрекетін дамытуға және жекелеп оқытуға мүмкіндік береді.

Логопед мамандардың айтуынша, қазіргі кезде АКТ-ны пайдалану сөйлеу тілі дамымаған балалармен жұмыс жасау барысында кәдімгідей көмек көрінеді. Ең алдымен, фонематикалық есту қабілетін дамытып, лексикалық сөздік қорын арттырады, сосын қарапайым сөйлеу дағдыларын көбейтеді. Жалпы, логопедиялық түзету сабақтарында тікелей қолданылатын барлық ақпараттық құралдар аудио, бейне және мультимедиялық деп бөлінеді.

Осыдан келіп логопедтің ақпараттық технологияларды пайдаланудағы жұмыс нәтижесін көруге болады. Ең алдымен, уақытты үнемдейді, екіншіден көрнекіліктерді тиімді жүзеге асырып, үшіншіден оқыту үрдісін қызық етіп өткізеді. Бұған қоса, маман өзінің ізденушілік қасиеті мен педагогикалық шеберлігін жетілдіреді. Осы тәжірибе көрсеткендей, оқушының ақыл-ойы мен сенсорлық қабылдауы, сөз байлығы, сөздік қоры, ұйымшылдық әрі достық қатынасы, ортадағы өзін ұстау мәдениеті де дами түседі.

Соңғы кездерде логопед мамандар өз тәжірибелерінде компьютерлік логопедиялық тренажер «Дэльфа» атты бағдарламаны кеңінен пайдаланып жүр. Бұл бағдарламаның тиімді екені жиі айтылады. Ол, ең алдымен, есту және сөз сөйлеу барысында кемшіліктері бар балалардың ауызша және жазбаша тілдерін түзетеді. Логопед мамандардың айтуынша, осы бағдарламаның арқасында балалардың сөйлеу дағдылары, сөздік қоры, сабаққа деген ынтасы едәуір артып, қоршаған ортада өздерін еркін әрі сенімді сезіне бастаған. Оның үстіне оқу мен жазу үрдісін дамытып, көру және есту дағдылары едәуір жақсарғаны

байқалған. Жалпы, жаңаны жатсынбаған да дұрыс қой. Мәселен, осы ақпараттық коммуникациялық технологияның арқасында балалардың сөйлеу тілі дамып қана қоймай, іскер әрі талантты, әңгімешіл болып өседі. Сондықтан кез келген логопед маман өз сабағында компьютерді қолдана отырып, жұмысының негізгі мақсаты – баланың басқа адамдармен толық қатынас жасауын, сөйлеу тілін түзету екенін естен шығармауға тиіс. Сондықтан аталмыш сабақтың негізгі бөлімі логопед пен оқушы арасындағы тікелей қатынасқа арналуға тиіс.

Тағы бір айта кетерлігі, осы саланы зерттеп жүрген ғалымдар компьютерді қосымша құрал ретінде қысқа уақытқа ғана пайдалануға кеңес беріп отыр. Қазір байқап отырсаңыз, көптеген баланың «қ», «ң», сынды әріптерді дыбыстай алмай, оны «к», «н», «о» әріптерімен алмастырып айтатынын байқайсыз. Тіпті, ол аздай кейбір ата-аналардың өздері де осылай сөйлегенін көргенде амалсыз қарныңыз ашады. Мәселен, «жанағы, аншы, калам, кашан, канша» деп айтқанды түземесек, келе-келе тілімізден берік орын алары сөзсіз. Бұдан басқа да «ө», «ұ», «ү», «і» сынды әріптерді де дұрыс дыбыстай алмай, оның орнына «у», «и» әріптерін қолданатындар да бар. Осындайда кейбір ата-аналар «осы да мәселе болып па, есейген соң өзі-ақ түзеліп кетеді» деп жайбарақаттыққа салынып жатады. Ал ересек адамдардың тіліндегі мүжісті көргенде, «баланы жастан» екенін мойындаған жөн.

Соңғы кездері балабақшадан бастап, білім ошақтары мен балаларға арнаулы сабақ беретін мектеп-интернаттарда тіл кемістігін түзейтін логопед, дефектолог мамандарға деген сұраныс артып отыр. Бұрын аса қажеттілік болмаса, қазір логопед мамандар негізгі пән мұғалімдерімен қатар аталатын болды. Тіпті, қалада ғана емес, ауылдың өзінде логопедиялық балабақшалар бар. Оған да кезектің көп екенін естігенде, бұл неден, неге тілімізден мүжістік шықты деуден әрі аса алмай жатамыз. Бүгінде телебағдарламалардың жүргізушілерінің әріптерге тілінің келмей жатуы мүжістік пе, әлде еліктеушілік пен еркелік пе?

Қалай деген күнде де, отбасындағы ата-ананың бала болашағына селқос қарауы осының нәтижесін көрсеткендей.

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ – 165

ҒИБРАТЫ
МОЛ ҒҰМЫР

Биыл еліміз Алаштың ардақтысы, ғұлама ғалым, ақын, фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығын атап өгуде. Барлық өңірде мазмұнды, тағылымды іс-шаралар ұйымдастырылып, ғұламаның есімі жаңғырып жатыр.



Осы ретте Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы қаласы бойынша филиалы «Сенімен болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігімен «Ғиبرات мол ғұмыр иесі» атты танымдық кездесу ұйымдастырып, оған Алматы қаласының жас мемлекеттік қызметкерлері қатысты. Аталмыш филиал директоры Әйгерім Әбілова жас мемлекеттік қызметкерлерді қажетті кәсіби дағдылар мен машықтарды игерумен қатар, тарихын тануға, әркез өзін дамытуға, «Мансап және отбасы» арасындағы өмірлік қағиданы берік ұстауға шақырды. Сол үшін де осы мақсатты ұстанған бірлестікпен меморандумға отырып, алдағы уақытта отбасылық құндылық тақырыбы аясындағы жұмыстың тығыз жалғаса беретінін атап өтті.

Келесі кезекте бірлестіктің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалының басшысы Мұхит Бекжанұлы, журналист Меруерт Мәулетқызы, психолог Қуаныш Қуатқызы бірлестіктің ұстанымы, ағартушылық бағыты, әлеуметтік зерттеуі жайлы сөз қозғап, М.Көпейұлының бес томдық шығармалар жинағы бірлестік құрылтайшысы Нұркен Асановтың қолдауымен жарыққа шыққанын, қазірдің өзінде еліміздегі 100 мектеп, 100 ЖОО, 100 мешіт, 100 кітапханаға тегін таратылғанын жеткізді.

Кездесуге Мәшһұртану ғылымы тарих пен әдебиеттің, лингвистика мен мәдениеттің іргелі салаларының біріне айналып, шығармашылығы әртүрлі бағытта зерттелуді қажет ететіндіктен, Философия, саясаттану және дінтану институтының Дінтану орталығының директоры, PhD докторы Алмасбек Шағырбай арнайы қатысты. Өз кезегінде Алмасбек Дүйсенбекұлы кітаптың құндылығы, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне тигізетін пайдасы жайлы ой ербітіп, кітаптың жарыққа шығуына себепкер болған жандарға алғысын білдірді. Сондай-ақ, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан философ-ақынның шығармашылығын дәріптеу арқылы мемлекеттік қызметкерлердің тұлғалық бейнесін дамыту мақсатында баяндама жасады.

Жас мемлекеттік қызметкерлер артына мол мұра қалдырған ғиبراتты тұлғаның оң істері мен ұлағатты тәрбиесіне қанықты.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



МАМАН ПІКІРІ

Айгерім САПАРБЕКҚЫЗЫ,
педагогика ғылымының магистрі, олигофренопедагог-логопед:

АТА-АНА КӨҢІЛ БӨЛУІ КЕРЕК

Қазіргі таңда бала тілінің кеш шығуына жоспарсыз жүктілік, әйелдің аяғы ауыр кезінде дұрыс дәрумен қабылдамауы әсер етеді. Бұған қоса, баланы босанған кезде табиғи жолмен немесе кесір тілігі арқылы дүниеге келуі де әсер етеді. Өкініштісі сол, кесір тілігі арқылы туған балалардың көбінің тілінің кеш шығуы, сөйлеу жүйесінің дұрыс қалыптаспауы қазіргі кезде көп кездесіп жатыр. Балалардың ұялы телефонмен отыруы, теледидарға көп қарауы сөйлеу тілінің кеш шығуына әсер етеді.

Балалармен жұмыс жасауда көп кездесетін қиындық – олар өз ойларын дұрыс жеткізе алмайды. Сұрақ қойсаңыз, оны өзіңізге қайталап қояды. Суреттердегі оқиға желісін өз ойымен дұрыс жеткізе алмайды. Сөздік қорының аздығы, дыбыстарды дұрыс айта алмауы сөйлеу аппаратының бұлышық еттерінің дұрыс жетілмеуіне әсерін тигізеді. Ата-аналардың балаларға тым аз уақыт бөлуінің де өзіндік әсері бар. Бала тілінің кеш шығып, дыбысты дұрыс айта алмауы ата-ана махаббатының жетіспеушілігінен де болады.



ТАҒЫМ

ШЕРТПЕ КҮЙДІҢ ШЕБЕРІ

Анкарада Тәттімбет Қазанғапұлының ескерткіші бой көтерді

Анкарада қазақтың шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушы, композитор Тәттімбет Қазанғапұлының есімі ұлықталды. Түркия Республикасының 100 жылдығына орайластырылған іс-шараға күйшінің ұрпағы арнайы қатысты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ал «Тәттімбет» атындағы халық аспаптары оркестрі бауырлас елде гастрольдік сапар ұйымдастырды. Анкарадағы Тәттімбет Қазанғапұлы атындағы саябақ 2016 жылы күйшінің 200 жылдығына орай ашылған. Араға 7 жыл салып мәдени нысанның қас ортасында күй өнерінің класигіне арналған ескерткіш бой көтерді. Туынды авторы – Мұрат Мансұров. 2,5 тонна қола ескерткіш Қарағанды облысы әкімдігінің Анкараға тартуы болды.

– Бұл жерде Дина Нұрпейісова мен Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілген қос саябақ бар. Мұндай нысандар халықпен халықты бірлестіріп, бірін-бірі жақсы тануда үлкен рөл атқарады. Сондықтан осындай

жерлеріміздің саны арта берсін, – дейді Этимесгут муниципалитетінің мэрі Энвер Демирел.

Мәдени іс-шараға арнайы келген күйшінің ұрпақтары Анадолыда бабасына арналған ескерткіштің бой көтеруі күллі қазақ үшін зор мәртебе дейді.

– Түркия астанасында Тәттімбет бабамызға ескерткіш ашылуының куәсі болдық. Ескерткіштің ашылуы тек Тәттімбет ұрпақтары, Қарағанды облысы емес, жалпы қазақ еліне деген үлкен құрмет, – дейді Тәттімбет Қазанғапұлының ұрпағы Сләмиден Нұркенов.

Тәттімбет Қазанғапұлының есімі ұлықталған жерде қашанда «Тәттімбет» халық аспаптары оркестрі жүретіні белгілі. Бұл жолы да өнерпаздар Анталия, Анкара мен Алаңияға барып, жергілікті тұрғындарды қазақтың әні мен күйіне бөлеп қайтты.

КӨРМЕ

«ШОҚАН МҰРАСЫ»



Қаламыздағы С.Мұқановтың әдеби-мемориалдық музей кешені ұзақ уақытқа созылған жөндеуден кейін өз жұмысын бастады. Аталмыш мұражайдың ашылуы айтулы көрменің Алматыға арнайы сапарымен тұспа-тұс келіп отыр. Ш.Уәлиханов атындағы «Алтынмемел» мемориалды музейі белгілі ғалым, ағартушы, этнограф әрі фольклортанушы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметіне арналған «Шоқан мұрасы» атты жылжымалы көрмесін қала тұрғындарына ұсынды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш көрме төріне Шоқан Шыңғысұлының отбасы қолданған тұрмыстық заттар, мыс табақ, бұрыш ұнтақтағыш, қасық, Велодол тапанша мен парша белбеу қойылған. Сондай-ақ, көрмеге келушілер көне құжаттар мен сарғайған сырлы суреттерді де қызыға тамашалады. Шоқанға Қашқар сапарын сәтті аяқтағаны үшін берілген 4-дәрежелі Әулие Владимир ордені, көптеген хаттары мен мақалалары, ресми құжаттарының көшірмелері көрмеге қойылды.

– Біздің музейде Сәбит Мұқановқа арналған бұрыш бар. Біз ол кісіні Шоқантанушы деп білеміз. Сондықтан жыл сайын Алматыға арнайы келіп, өзіміздің жылжымалы көрмемізді ұсынамыз. Әрине, бұл бірінші рет емес. Әлі талай келетін боламыз. Енді ауылдық жерлерге шығып, көрмемізді ауыл тұрғындарына да ұсынсақ дейміз, – дейді Ш.Уәлиханов музейінің меңгерушісі Рахат Маралова.

«Шоқан мұрасы» тамашалауға келген қала тұрғындарының арасында қаламыздағы Ш.Уәлиханов атындағы №12 гимназия оқушылары да болды. Атақты Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметін тануда көрменің орны бөлек болды дейді мектеп ұстаздары да.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Ұлт ұстазы, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-реформатор Ахмет Байтұрсынұлының туған күні мен Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Ұлт ұстазының ұлықталуы» атты «дөңгелек үстел» өтті.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

«Дөңгелек үстелді» Алматы қаласы музейлер бірлестігі Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі ұйымдастырды.

Іс-шара аясында Ахмет Байтұрсынұлы саябағындағы ғалым ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі болды. «Дөңгелек үстелге» ҚР еңбек сіңірген қайраткері, белгілі актер, әнші, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты Байғали Есенәлиев, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев, Алматы қаласы әкімі аппаратының тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Бақыт Қалымбет, бас маманы Нұрмұха Шаймерденов, Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры, ахметтанушы Бижомарт Қапалбек, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Құсман Шалабаев, Алмалы ауданы әкімдігінің уәкілі Гүлшара Есетқызы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №139 мектептің өкілі Болат Мамытбеков, Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің оқытушы құрамы, алаштанушы, тарихшы, филолог ғалымдар және БАҚ өкілдері, А.Байтұрсынұлының ұрпақтары қатысты.

«Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» көрмесіне қордағы А.Байтұрсынұлы портреттері, А.Сырғабас және басқа да әуесқой суретшілердің Алаш тақырыбындағы

суреттері қойылды. Келген қонақтарға музей-үйдің ішіне экскурсия жасалды. «Ұлт ұстазының ұлықталуы» атты «дөңгелек үстелді» А.Байтұрсынұлы музей-үйінің бөлім меңгерушісі Әділет Ахметұлы жүргізді.

Жиында белгілі актер, әнші, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты Байғали Есенәлиевке, А.Байтұрсынұлы музей-үйінің ғылыми қызметкері, т.ғ.д., Светлана Смағұловаға және т.б. Алғыс хат беріліп, құрмет көрсетілді. Сонымен бірге, А.Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі, ахметтанушы ғалым Р.Сахыбекқызының «Asirin adami» (Ғасыр саңлағы) атты кітабының, А.Байтұрсынұлының «Маса. 23 жоктау», «Қырық мысал». Таңдамалы шығармалары» атты жаңадан басылған екі кітабының тұсауы кесілді. Кітапты құрастырған және Алғысөз жазған Ә.Ахметұлы.

– Қазақстан халқының тілдері күнімен қатар, Аханның туған күнін мерекелеу іс-шарасы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мәртебелі меймандар, ұлтымыздың қаймақтары, зиялы қауым, шәкірттер қатысты. Жалпы мұражайға келушілер, көрем деушілер қатары көп, – деді экскурсовод Манат Әшіров.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІЛІМ

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

Алматыда «Мектеп автобусы» жобасы аясында күн сайын 8 мыңнан астам оқушы мектепке қатынай бастады

Қала көшелерінде қатынай бастаған әдемі әрі ыңғайлы сары түсті автобустарға алматылықтардың көздері үйрене бастағандай. Жаңа оқу жылы басталысымен 100 жаңа мектеп автобусы өз жұмысын бастады. Аталмыш автобустар қаламыздағы 30 мектепте білім алып жатқан 8258 оқушыны тасымалдайды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жалпы, «Мектеп автобусы» пилоттық жобасы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен жүзеге асырылып отыр. Біздің елімізде қолға алына бастаған ең ауқымды жоба. Аталмыш жобаны жүзеге асыру үшін «Алматы ЭлектроТранс» ЖШС Алматы қаласы Білім басқармасының көмегімен 100 мектеп автобусын (оның ішінде 50-і 21 орынды және 40 орынды 50 автобус) сатып алған еді. Автобустар өте ыңғайлы. Ең бастысы, мұндай көліктің жүре бастағаны мектептен шалғай тұратын оқушылар үшін де, олардың ата-аналары үшін де өте тиімді болып отыр. Кеше құрамында БАҚ өкілдері бар арнайы жұмыс тобы мектеп автобустарының жұмысы барысын бақылап, жете танысып қайтты.

Қаламызға кейіннен қосылған №183 мектеп қазір Бостандық ауданының аумағына қарайды. Осы мектепке қарайтын екі автобус күн сайын саяжай алабынан және «Асқартау» ықшамауданынан 76 оқушыны алып келеді. Күніне екі мезгіл балаларды мектепке әкеліп, үйлеріне алып қайтады. Дәл қазір аталмыш мектептің оқушылары да, ата-аналары да дән риза.



— Ең бастысы, екі баламның қауіпсіздігіне алаңдамаймын. Өзім қазір кішкентай сабиммен үйде отырмын. Бар жұмысым екі баламды мектепке шығарып салып, қарсы аламын, — дейді жас ана Сайрагүл Әділқызы.

«Мектеп автобустарының» қатынай бастауына Наурызбай ауданының тұрғындары да дән риза. Осы ауданның «Ақжар» ықшамауданында орналасқан №200 мектеп-гимназиясына арнайы автобустар «Абай» саяжайынан 241 оқушыны тасымалдайды. Бұған дейін мектепке жаяу-жалпылап қатынаған оқушылардың қуанышын айтпай-ақ қойса да болады. Дәл осындай арнайы автобустар Алатау ауданындағы №210 мектеп-лицейіне ықшамауданның әр бұрышынан 222 баланы тасымалдауды бастады. Мәселен, осы ауданның «Байбесік» және «Ұлжан-2» ықшамауданынан 148 бала қазір мектепке еркін қатынауға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, Түркісіб ауданындағы №162 мектеп-гимназиясына 175 бала «Жас қанат» ықшамауданынан арнайы автобустармен қатынауды бастады.

Мектеп автобустарының өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Ең бастысы, барлық халықаралық қауіпсіздік стандарттары мен техникалық талаптар қатаң сақталған. Автобустарда апаттық шығу, қауіпсіздік белдіктері, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған пандус, өрт қауіпсіздігі жүйесі бар. Шаһар басшысының орынбасары Әсем Нүсіпова әр мектеп бойынша маршруттық парақтар әзірленгенін, бұл өз кезегінде мектепке дейін жеткізуді қажет ететін барлық баланы қамту үшін жасалғанын атап өтті. Сонымен қатар, «Мектеп автобусы» жобасының екінші кезеңін іске асыру үшін Алматы қаласы Мобильділік басқармасы 2024 жылы қала мектептері үшін қосымша 50 автобус сатып алуды жоспарлап отырғанын жеткізді.

Мектеп автобустарының балаларды отырғызып, түсіруі үшін арнайы аялдамалар бар. Сол бағыт бойынша оқушылармен бірге арнайы мұғалімдер де бірге жүреді. Жобаны одан әрі кеңейтудің арқасында 12 500 бала қамтылып отыр. Қазір 30 мектептің барлығында оқушыларды тасымалдауға келісім-шарт жасалып, бюджеттен 1,4 млрд. теңге қарастырылған.

«1 қыркүйектен бастап барлық автобус тиісті қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, бекітілген маршруттар бойынша балаларды тасымалдай бастады. «Мектеп автобусы» жобасын жүзеге асыру оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді», — дейді қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева.

ӨНЕР

«САҒЫНДЫМ АЛМАТЫМДЫ»

Қала күні қарсаңында Алматы мұражайында Қазақстанның халық әртісі Алтынбек Қоразбаевтың 75 жасқа толуына орай, «Сағындым Алматымды» көрмесі салтанатты түрде ашылды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Айнабай
МӘДІ



Қазақстанның, Қырғызстанның халық әртісі, талай мемлекеттік марапаттың иегері, отандық мәдениет майданының мақтанышы Алтынбек Қоразбаевтың өнер кешіне тыңдармандары — әнсүйер, жырсүйер алматылықтар мен қала қонақтары түгелге жуық жиналды десек болар. Бұл да болса, қадірлі өнер шеберіне деген шынайы құрмет. Мұражайға жиналған қарасы қалың қауымның ыстық лебізі ел мен жұртының ықыласына бөленген жанның мерейін өсіріп тастағаны байқалып тұрды.

Алтекеңнің сағымдай болған сағынышқа толы «Сағындым Алматымды» әнін аты алты Алашқа мәлім өнер корифейі, КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімұлы жанындағы жарымен, театр мен кино тарланы, халық әртісі Тұңғышбай әл-Тарази, өнердегі ізбасарлары — әншілер Мейрамбек Бесбаев пен Сәкен Майғазиев та қосыла шырқап тұрды. Мерекелік кештің құрметті қонақтары сапында халық әртісі Мақпал Жүнісова да болды. Бүгінде барша қазақ, іргелес жатқан қырғыз, өзбек халықтарына есімі, шығармашылық жолы жақсы таныс Алтынбек Қоразбаев әнші-композитор ғана емес, сонынан бірталай шәкірт ертіп, баулып келе жатқан, өнердегі мектебін де қалыптастырған ұстаз. Ол Жетісу ән өнері мектебінің ұлы дәстүрін жалғастырып, дамытушы, ізденімпаз әрі талғампаз, еңбеккер, шығармашыл тұлға.

Көрмеде Алтынбек Қоразбаевтың жеке заттары мен фотоқұжаттары, достары мен әріптестерінен келген сыйлықтары, сахналық костюмдері, Алматы музейі қорынан фотоқұжаттар ұсынылды. Көрменің ашылуына Алматы қалалық Мәдениет басқармасы ұйытқы болып, шығармашылық интеллигенция өкілдері мен өнер қайраткерлері елеулі еңбек сіңіріп, атсалысты.

Алтынбек Қоразбаев — алпыс жылға жуық ел-жұртының алдында, ән сахнасында төлтума ән туындыларымен бірге, ілгері-кейін өткен өнер мен мәдениет майталмандарының, замандас-сазгерлердің шығармаларын нағыз өнерге тән биік талаппен

қалықтата шырқаған саз өнерінің саңлағы. Ардақты әнші-сазгер ұлттық, дәстүрлік сипаты мол мықты өнер туындылары ғана халықтың жүрегіне жол тбатынының шын жүрегімен сезінген.

Алтынбек ағамыз ұлт топырағынан нәр алмаған, ұлттық құнарға тамырын тереңдетпеген шығарманы шырқамағаны анық. «Өннің де естісі бар, есері бар, Тыңдағанда құлақтың тессері бар» деп Абай хакім бекерге асыраған болар. Осыны ерекше ескерген Алтын-ағамыздың репертуарындағы шығармаларының басым бөлігінің өнебойы ұлттық сипатқа тұнып тұр. Ал оны нақышына салып, тұла бойғы талантымен тәнті ететін орындаушысын айтсаңызшы. Халық әртісі, театр мен кино қайраткері Асанәлі Әшімұлы көкеміз өзінің соңынан еріп келе жатқан киелі өнер иесі, әнші Алтынбек Қоразбаевқа «Алтынбек — ел-жұртының мақтанышы, тума талант» деп бағасын берді. Бұған алып-қосарымыз жоқ.

Алтекең әуендерінің табиғилығы, шынайылығы ұлттық ерекшелікті асқақтата түседі. Ол орындаған шығармадан ұлтымыздың ән өнерінің болмысы мен сипатын, халықтық дәстүріміздің саф алтындай тазалығын сезінеміз. Ұлттық өнеріміз бен мәдениетіміздің кеңістігін Қоразбаевтың қоңыр сазды туындылары биіктетті. Тіпті, осының өзі жаһандық музыка жетістігіне ұластырғандай әсерде болатынымыз бар. Сол жер-жаһанның ән-жыр жампоздары қазақты қазақшылығымен бағалайтынын білгенде осындай ойда қаламыз. Қысқасы, Алтынбек әндеріндегі халықтық дәстүр тінінің мықтылығы, балғын бала кезден халық мұраларын: аңыз-әпсана, ертегі мен батырлық-ғашықтық жырларды бас алмай жатқа оқығанының әсері ме екен, әлде...

Әнші-сазгердің өнер көрмесінің түйінін Алматы қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаевтың бір ауыз сөзімен түйелік: «Алтынбек ағамыздың шығармасы жайында жинақы ой-пікірлерді бірсыпыра зерделегенмін. Сонда байқағаным, «Қазақ әдебиеті» газетінің сексенінші жылдарғы санында Алтынбек ағамыздың әндерін сипалай қамшылаған сыңайда «Жылауық әндер қайдан шықты?» деген мақала жарық көріпті. Артынша, басылымда осыған жауап ретінде халық ақыны Хамит Ерғалиевтың шағын көлемді мақаласы жарияланған. Онда ақын: «Мен Алтынбек Қоразбаевты танымасам да, өнерін жоғары бағалаймын. «Елім-ай» жырынан соң қазақтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған осы Қоразбаев. Мен ініме ризамын» депті». Осыдан кейін бұл әңгіме тәмам болты. Шамамы, ұлағаты мол, арынды ақын Хамаңның сөзі желбуаз-демагогтарға қатты үйірілген қамшыдай тисе керек. Халқы сүйген хас талант Қоразбаевқа: «Мерей-тойыңыз оң болсын! Өнердегі өрісіңіз кеңейіп, өрге баса берсін!» дейміз».



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

АСТАНА АБАТТАНҒАН
ЖЫЛДАР

Аса ұлтжанды, мемлекетшіл Есен Дүйсеновтен соң Алматыны Кеңес Мұстаханұлы Аухадиев үш жыл басқарды. Жиырма жасында атқа мініп, билікке араласқан ол 37 жасында алып шаһардың тізгінін ұстады. Бұған дейін әр салада даму жолына түскен қаланың осы бір жылдары тынысы ашылып, алып құрылыстар салуға зор серпін берілді. Оның үстіне қала халқының саны миллионға жуықтап қалған еді. Демек, қала тұрғындарының сұранысы да жыл сайын артып келеді деген сөз. Осыған орай, тұңғыш рет өз тарихында шаһардың Бас жоспары бекітілді, қолға алынатын нақты іс міндеттері айқындалды.



Бұл ретте ең алдымен қаланың сейсмикалық жағдайы қатаң ескерілді. Бұл мәселе Димекеннің тікелей қадағалуында болды. Әрине, осы тұста шаһардың төлқұжатына айналған, құрылысы енді басталған 25 қабатты «Қазақстан» қонақүйін салу тәуекелдің, намыстың ісі еді. Бір қызығы, осы нысанды салу барысында қиыр көзқарастар да жарыса жүріп жатты. Біреулер дәл қасындағы Ленин атындағы сарайды жауып қалатын болды деп Мәскеуге арыз домалатты. Дана Димекен құрылысты жобалаушылармен келісе отырып, оған да келісті жауап тапты. Қайта осындай қарсылықтар ұлтжанды азаматтардың жігерін жанып, намысын оятып жіберген тәрізді. Соған жауап ретінде ең бастысы әр ғимараттың сапалы әрі қаланың көркін келтіріп, әсем де сұлу болып, салтанатын асыру жолында, яғни шығармашылық, эстетикалық талғамға сай жұмыс істеу басты назарда болды. Атап айтқанда, Оқушылар сарайы, қалалық әкімдіктің үйі, Республика алаңы, Орталық комитет ғимараты, Алматы мақта-мата комбинатының Мәдениет сарайы, «Арасан» моншасы мен ҚазГу қалашығы. Ең бастысы, М.Әуезов атындағы драма театрының жаңа ғимаратқа көшуі ел руханияты үшін айтулы оқиға болды. Аухадиев театр салған басшы ретінде тарихта аты қалды деуге болады. Оның сыртында қала тұрғындарының әлеуметтік, тұрмыстық жағдайын жақсартуға баса көңіл бөлінді. «Самал», «Орбита», «Қазақфильм» ықшамаудандары салынып, он мың пәтер пайдалануға берілді. Бір атап айтары, осы жылдар ішінде қанша құрылыс салынса да қаланың экологиялық жағдайы ерекше ескерілді. Қалаға таудан соғатын саф ауаға кедергі болмау жағы кеңінен қарастырылды. Қала ішіне сырттан келетін көліктер, өткізгі жолаушылар үшін айналма жол қажеттігі туындап, әл-Фараби даңғылын салу қолға алына бастады.

Жалпы, Алматыны абаттандыру, әсем қалаға айналдыру жұмыстары жиырма жылға арналған жоспар Орталық комитетте бекіген соң барып, 1976 жылдан өзгеше қарқынмен қолға алына бастады. Біз осы жылы ҚазГу-ге оқуға түстік. Сондықтан бізге көп жай етене таныс.

Кеңес Мұстаханұлы бір сұхбатында айтқанындай, осы күнгі «Тастак» базарынан әрі қарай тұрғын үйлер, болмаса, үлкен ғимараттар салынбаған болатын. Қаланың шеті осы түспен шектеліп, одан әрі суармалы жер еді, жүгері егілетін. Қазіргі «Ақсай» ықшамауданын салу болашаққа белгіленген. Бүгінде бұл аудан қаланың орталық орындарының біріне айналып, адам танымастай өзгерді. Бұл кісінің басшылығы кезінде ҚазГу қалашығы алып құрылыс алаңына айналды. Университет ректоры, әйгілі академик Өмірбек Жолдасбековтің жұмыс киімімен құрылыс алаңын аралап, адымдап бара жататын сәті де көз

алдымызда. Сол кезде қалашықтың бүгінгідей ғажайып мекенге айналатыны бізге ертегідей көрінуші еді. Кеңес Мұстаханұлының «Алматы ақшамының» тілшісі, көрнекті қаламгер Өтеш Қырғызбайға берген сұхбатында қалашықтың қалай салынғаны жөнінде былай деп еді.

– Қазақ халқының мыңдаған зиялыларын өз ұясынан ұшырған, еліміздің мақтанышына айналған Қазақ мемлекеттік университетіне арнайы қалашық бөлу де абыройлы іс болды және оны қорғау да оңайға соқпады. Құрылыс жұмысы тым ұзаққа созылып кеткенімен, принципті жағынан өте дұрыс шешілді. Өйткені, оны салатын жер экологиялық жағынан таза, жан-жағы кең, ашық, жастардың жүріп-тұруына, демалуына, спортпен айналысуына өте қолайлы. Оңаша, оқшау жер. Университеттің құрылысы жақсы жүрді. Оған университет ректоры Өмірбек Жолдасбеков көп септігін тигізді. Бір күні Өмекең кеңсеге келіп:

– Университет қалашығы деген атқа лайық сол қалашықты айнала қоршап қойсақ дұрыс болар еді, – деген ұсыныс айтты. Маған сол ұсыныс орынды көрінді. Алматы қаласындағы ауыр машина жасау зауытының М.Битниң деген директорын шақырып, Жолдасбековтің өтінішін айтып, оған көмек көрсетуін өтіндім. Оған қаланың басқа да басшылары көмек көрсетті. Соның нәтижесінде ҚазГу қалашығы әдемі қоршалды. Сөйтіп, ҚазГу-дің үлкенді-кішілі құрылыстары қатарынан шешіліп жатты.

Расында, бүгінде ҚазГу қалашығы қаланың ішіндегі шағын қалаға айналды ғой. Тіпті, студенттердің қалаға шығуы да аса қажеттілік тудырмайды. Өйткені, олардың сұранысын заманауи технологиямен бар талапқа сай жабдықталған орталық толық қанағаттандыра алады. Кітапханасы, асханасы, театры, т.б. өз ішінде дегендей. Негізінен Алматыда аты аңызға айналған мұндай ғимараттарды жай атап қана қою оңай болғанымен, уағында оны салу барысында кездескен кедергілерді қазіргі буын біле бермеуі де мүмкін. «Қазақстан» қонақүйін Ленин сарайынан биік болып кетті деп байбалам салынғанын жоғарыда айттық. Мұндай әңгіме Орталық Азияда теңдесі жоқ, плитасын сонау Финляндиядан әкелген «Арасан» моншасын салу кезінде де айтылмай қалған жоқ.

Кеңес Мұстаханұлы бір сөзінде «Маған Димекен күн құрғатпай телефон шалып, алғашқы амандықты Алматының ахуалынан бастайтын» деп еді. Расында, қаланың қай құрылысында болсын, үлкен кісінің қолтаңбасы жатыр. **Жетпісінші жылдары қала құрылысы айрықша қарқынмен дамып, мемлекеттің тікелей қамқорлығында болды. Алматы өзінің қайталанбас әсем кейпімен Астана ретінде айрықша абаттанды.** Аухадиевтің бір өкініші болды. Ол қазіргі Ұлттық кітапхананың өз орнына салынбауы еді. Өйткені, Абылай хан көшесіне келетін тау самалына кедергі көрінеді.

Әр басшының өз ерекшелігі, қолтаңбасы болады. Аухадиевтің артықшылығы қандай құрылыс салу жоспарланса да, ең алдымен Алматының экологиясы, таза ауаға тосқауыл болмау алғашқы кезекте сөз болып, қатаң қадағаланды. Алматыны үш жыл, үш ай басқарғандағы басты ұстанымы осы болды. Бұл жылдар ел аузында бір заманда Алматының абаттануы басталған жыл деп те аталды.

Қ.ҚОШҚАРУҒЫ.

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Осы тақырып мені көптен толғандырып жүрген мәселенің бірі еді, бүгін сәті түсіп қолыма қалам алдым. 2001 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданының әкімі Д.Баяманов алқалы жиын өткізіп, біраз азаматқа «Жамбыл ауданының Құрметті азаматы» деген куәлік тапсырды. Жүрекжарды тілектерін арнағаннан кейін «аудан тұрғындарына ақыл-кеңестеріңізді беріп тұрыңыздар» деп ұсыныс айтты. Әрине, еңбегіміз еленіп, жұрттың қошеметіне бөленгенімізге, құрметке ие болғанымызға біз де қуанып қалдық. Ойды ой қозғайды емес пе? Құрмет дегеннен шығады, соңғы кездері осы «Құрмет» сөзінің құнын біз түсіріп жібергендейміз...

«ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ»
ДЕГЕН КІМ?

Құрмет, құрметті болу, құрметті деген сөздердің біздің қазақ үшін орны ерек, әрине. Құрметке бөленуді, я құрметті болуды менің қазағым ешкімнен тіленіп сұрап алмайды. Оны менің еңбегімді бағалаған өзімнің ел-жұртым береді. Алғашқы жылдары аудан, облыс деңгейіндегі мерекелерге мен де шақыру алып, той-томалақтарға араласа бастадым. Арада біраз жыл өткенде маған тағы бір жақсы хабар келді. 2005 жылы 26 мамырда Алматы облысының «Құрметті азаматы» атағы беріліп, №079 санды куәлік тапсырылды.

Бірақ кейбір атқамінерлердің бұл куәлікті менсінбейтініне таңқаламын. Олар біздің сөзімізді тыңдамақ түгілі, сенің кім екеніңді білгісі де келмейтіндей. Ал білген күннің өзінде қабылдаудан бас тартады. Енді айтыңызшы, егер сенің ешқандай сөзің өтпесе, мұндай «құрмет» кімге керек?

Менің түсінігімде, құрметті болу адамның қадір-қасиетін айшықтап, бедел биігін арттыра түсетін, кішінің үлкенге, үлкеннің кішіге ізеті секілді, туған жердің түрленіп, даму жолында тынбай еңбек еткен азаматтарға берілетін атау. Сондықтан осы тұста мен өз ұсынысымды айта кеткім келеді. Біріншіден, берілген «куәлікті» жетімсіретпей, кәдімгідей ел алдында ұялмай көрсете алатындай етіп, облыста берілетін куәліктерге ұқсатып жасаса деймін. Әйтпесе, бізге берілген аудан әкімдерінің бір парак қағазға аты-жөнін жазып, ауданының «Құрметті азаматы» деген қағазын қазір ешкім қажет етпейді.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ИТ ЖЕТЕЛЕГЕН СӘН БЕ?

Таңертең көшеде асығып келе жатсам, біреудің иті қауып ала жаздады. Жан керек, теуіп қалдым. Ит ыр ете қалды. Ит иесі менен кешірім сұрағанның орнына зеки жөнелді. «Неге тебесің?», – деді. Бұл көшеде ит жетектеп жүруге бола ма? Саяжай емес. Ауылда болса ешкім де, ештеме де демейді. Қалада көпшілік орында ит жетелеп жүрген сәнге айналып кетті. Сонда қаладағы пәтерлерде ит ұстауға тыйым болмай ма?



Өткенге көз жіберіп қарасақ, П.М.Зенков 1867 жылы Верныйдың бірінші басшысы болып бекітіліпті. Ол кісі кезінде

Екінші, 40 см көлемінде дөңгелек жазыл-қызыл бояумен боялған, аты-жөні жазылған төсбелгі (медаль) болса, нұр үстіне нұр. Үшінші, ауылда, ауданда «Құрметті азаматтардың» тізімін көрнекті жерге жазып, суретін іліп қойса, ел танып-біліп жүрер еді. Төртінші, облыс, аудан әкімдері жеке бөлімдер ашпай-ақ бір бөлімге тапсырып, «Құрметті азамат» атанған жандардың жағдайларын тексеріп, жылына бір рет бастарын қосып, кездесіп, ой-пікірлеріне құлақ түре отырса, қандай тамаша болар еді! Бесінші, облыс, аудан әкімдері бас қосатын жиындарға, сонымен қатар, түрлі мәдени кештерге шақырып тұрса, «Құрметті азамат» атанған жандар шын мәнінде ел қошеметіне бөленіп, құрметке ие болып отырар еді деп ойлаймын.

Біз, алдымыз 90 жастан асқан қариялар 1960 жылдардан бастап Алматы облысында түрлі қызметтер атқардық. Еңбегімізге қарай Алматы облысының «Құрметті азаматы» атандық. Бүгінде облыс көлемінде түрлі мәдени шаралар жиі ұйымдастырылады. Бізді жиі шақырады. Ол үшін біз бұрынғы Талдықорған, қазіргі Қонаев қалаларына баруымыз керек. Өкінішке қарай, ол жаққа бара алмаймыз. Жол шалғай. Сондықтан Алматыда өтетін шараларға қатысуға бізге мүмкіндік жасалса дейміз.

Бекболат ТҰРЫСЖАНОВ,
Алматы қаласының тұрғыны.

Төлеухан БІДІРӘЛІ.
Алматы.



КЕЗДЕСУ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Айгүл Құспан Алматы қаласына жасаған жұмыс сапарында ұландықтардың жағдайымен танысты.



Айнабай
МӘДИ

Әскери бөлімге келген құрметті қонақтар қатарында АМАНАТ партиясы Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Айгерім Мұстафаева бар. Қонақтар алдымен өңірлік қолбасшылық басқармасы мен 5571 әскери бөлімінде болды.

Мәжілісменді күтіп алған «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысының міндетін уақытша атқарушы, полковник Бекайдар Қазкеев қолбасшылықтың қызметтік-жауынгерлік жұмысы мен бөлімдердің қазіргі жағдайы мен даму перспективасын, әскери қызметшілердің ел қорғаудағы атқарып жатқан қызметтері туралы кеңінен таныстырды.

Кездесу кезінде құқықтық тәртіп әскерінің қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындауы кезінде елеулі әсер ететін бірқатар мәселелер айтылып, Ұлттық ұлан әскерінің тыныс-тіршілігіне қатысты қордаланған сауалдар қойылып, талқыға түсті.

Кейін халық қалаулысы өңірлік қолбасшылыққа іргелес



орналасқан 5571 әскери бөлімінің жауынгерлік әзірлігі мен сарбаздардың мекенжайымен, тұрмыс-тіршілігімен жақын танысты. Сонымен қатар, бөлімнің әскери техникасын, атыс қаруы мен жеке құрамның арнайы жабдықтарын қарап өтті.

астамы қылмыстық сипатқа ие. Ұландықтар күшімен 17 суық және ату қаруы, сондай-ақ 0,8 тонна есірткі заттары тәркіленді.

ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

ТҮРІК СҰЛТАНЫМЕН ТІЛДЕСКЕН

1902 жылдың 10 мамырында екі қазақ Қазақстаннан жер аударылды. Оларға «Қазақ халқы арасында үкіметке қарсы үгіт жүргізген» деген айып тағылған. Патша үкіметінің дұшпаны ретінде әскери тәртіптің 34-бабы бойынша жазаға тартылды. Сөйтіп, Көкшетаудан бірі – Енесай губерниясына, екіншісі – сахалар еліне, Якутияға еріксіз кете барды. Шындығына келгенде, оларға тағылған айып негізсіз емес еді.

Ол заман шетсіз де шексіз қазақ жеріне патшалы Ресейдің көз тігіп отырған уақыты болатын. Көз тігіп қана қойған жоқ, Қазақстанның солтүстігінен бастап құрсаулап үлгерген. Жерін алу – жарты, тілі мен дінін алу – бүтін жұмыс екенін түсінді. Қазақты, ең алдымен, өз дініне кіргізу керек. Бұл орайда патша ағзамның сенімді өкілдері, белгілі миссионерлер – Алехторов пен Ильминский көп шаруа тындырған. Олар жасаған құпия бағдарлама бойынша қазақ елінде болыс басына бір-бір мектеп ашу көзделді. Сол арқылы әдейі дінсіз деп танылған қазақты Ғайса пайғамбар дініне кіргізбек еді. Алайда, қазақ ішінен шыққан көзі ашық жандар оған жол берген жоқ. Өртүрлі айла жасап, күресіп бақты. Оны ұйымдастырушылардың бірі Науан хазірет болатын. Бұл оқиғаның жайын терең зерттеген Қазақстанның халық жазушысы Сәкен сері Жүнісов:

– Ол кезде Көкшетауда сегіз болыс болған. Науан хазірет солардың барлығының басшыларын шақырып алып, «Бізге Ресей дінімізге кіріңдер деп жатыр. Оларға жерімізді бергенмен, дінімізді сатпаймыз. Ол – біздің сатқындығымыз» деп, «Інжілді» етектеріне салып суға лақтырады. Өзі уезд бастығының алдына барғанда, «Мен үгіттей алмадым, айтқаныма көнетін түрі жоқ» деп, өзінің біраз еңбектенгенін айтады, – деген еді.

Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбайұлы және Сәдуақас Шипабекұлы бастаған зиялылар Петерборда жүріп, елмен тығыз байланыс жасап тұрды. Олардың онда саяси күрестің сан түрлі жолдарын үйреніп қалған кезі. Өздері Петербор жатқан, сенімді өкілдері ел ішінен отарлау саясатына қарсы шығады. Оған қазақтың сол кездегі дінбасылары да, бай-болыс, саудагер-көпестері де қосылған. Жер аударылған Шәймерден Қосшығұлұлы осындай көпестің бірі еді.

Сол тұста Көкшетау уезінің қазақтары Николай патшаға қарсы көтеріліске шығып, наразылық білдірген. Себебі, 1900 жылдың қыркүйегінде губернатор «Көкшетау,

Қызылжар арасында станса басына 80 ат, 100 қойдан даярлап күтіп тұрсын!» деп болыстарға бұйрық береді. Өйткені, Николай патша өзінің дінбасысы – Бас Архиерийін қазақ даласына жіберген болатын. Қазақтар станса басына 5 үйден тігіп, өздері 10 қойдан сойып жеп күтіп жатады.

10 пәуескемен Архиерий он бес күн дегенде келген. Қасында генерал-губернатор мен уезд бастығы бар. Өз діндеріне кіргізу мақсатымен келген дінбасыға Көкшетауда



Азуы алты қарыс патшаға айтқанын жасата алмайтынын білген қазақ зиялылары Шәймерденді Түркияға жіберген. Олар ендігі көмекті сырттан іздейді. Терезесі тең, іргелес елдің әсері бола ма деп ойлаған. Стамбулға қажылармен ілесіп барған Шәймерден Қосшығұлұлы Түркияның дінбасылары мен ел басшыларымен тілдеседі.

1200 қазақ қарсы шығады. Бұл деректерді діндар-ғалым Сәдуақас Ғылмани көшіріп жазып алып, өзінің соңында қалдырды.

– Біздің Алматыдағы Орталық мешітте Рәтбек қажы Нысанбайұлынан бұрын ұзақ жылдар бойы Сәдуақас Ғылмани дінбасы болып тұрды. Бұл кісі 108.008 сөзге анықтама беріп, арабша-қазақша сөздік жасаған. Өз өмірінде 8 том кітап жасап шықты. Олардың өзін ғана жазған дүниелері емес, әркімнің жазғандарын да екішелеп жинай берген. Солардың ішінде Шәймерден Қосшығұлұлы туралы да үлкен материал бар, – деді зерттеуші-жазушы Нұрқасым Қазыбек.

Науан хазіреттің шын аты-жөні – Наурызбай Таласұлы болатын. Ол кезде Көкшетау уезінің имамы еді. Соның айтқанымен үгіт жүргізіп жүр деп, алдымен Шәймерден Қосшығұлұлын түрмеге жабады. Бірақ Көкшетаудағы 8 болыс қолдарын қойып, енді қарсылық жасамаймыз деп, оны босатып алған. Алайда, олардың бұлары жай сөз болатын. Олар бұдан кейін астыртын

жұмыс істеуге көшті. Тіпті, 1901 жылдың қарашасында ел-жұрт жиналып, Шәймерден Қосшығұлұлына халықтан қол жинауды тапсырады. Ол 8 ай бойы жаяулата ел аралап, қол жинаған.

Николай патшаға бұл кезде Ресей жұртының өзі де наразылық білдіріп жатқан. Ірі қалалардағы жұмысшылар мен студенттер арасында түрлі үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Олардың арасында қазақ топырағынан барып оқып жатқан жастар да бар еді. Олар елдегі адамдармен астыртын хат алысып тұрды. Діннен айыруға байланысты 1200 адамның қарсы шығуына осының да ықпалы тиген. Оның үстіне, ел ішінде Науан хазірет сияқты көреген адамдар бұл тұрғыда ыждағатты түрде жұмыс істеп жатты.

Науан хазірет Ақан серімен бажа болған адам. Екеуі Тінәлі деген қажының қыздарын алды. Алайда, әйелі өлген Науан хазірет Ғұсни-Манат деген башқұрт қызға үйленеді. Енесай жакта айдауда жүргенде екеуінен

Ғазизтай деген ұл туған. Ғазизтай Николай патшаның Алексейімен құрдас еді.

– Ғазизтайы дүниеге келгенде, патшаның да әйелі босанады. Осы сәтті пайдаланған Ғұсни-Манат патшаның әйеліне хат жазады. Оны Алексейдің дүниеге келуімен құттықтап, «Мен де босандым, бірақ менің баламның маңдайына Отанынан жырақта дүниеге келуді жазыпты» деп жағдайын айтқан. Құлықты көрдіңіз бе, хатты патшаның өзіне емес, әйеліне жазып отыр. Әйел әйелдің жағдайын жақсы түсінеді ғой, бір жағынан бұл – саясат, – дейді жазушы-драматург Сәкен сері Жүнісов.

10 жылға жер аударылып кеткен Науан хазірет 1904 жылы елге оралады. Ұлды болған қуанышты патша кешірім жасаған. Екі жарым жыл айдауда жүрген Шәймерденге де кешірім болды. Алайда, елге келген оны Тынышбаев пен Шипабекұлы Петерборға шақырып алады. Ол сонда жүріп 1905 жылғы көтеріліске қатысқан. Ол көтеріліс қанды қырғынмен аяқталды.

Азуы алты қарыс патшаға айтқанын жасата алмайтынын білген қазақ зиялылары Шәймерденді Түркияға жіберген. Олар ендігі көмекті сырттан іздейді. Терезесі тең, іргелес елдің әсері бола ма деп ойлаған. Стамбулға қажылармен ілесіп барған Шәймерден Қосшығұлұлы Түркияның дінбасылары мен ел басшыларымен тілдеседі.

– Екі жылдай арып-ашып елге келген Шәймерден түк бітірмедім деп ойлайды. Алайда, елге келсе, бұндағы газеттердің бәрі шулап, оның Түркияда айтқандары мен газеттерде жария болған сөздерін айтып даурығып жатыр екен. Соған қарап ол еңбегім қайтқан екен, бекер бармаған екенмін деген шешімге келеді, – дейді зерттеуші-жазушы Нұрқасым Қазыбек.

Ресейдің II Думасына мүше болған, «Серке» газетін шығарған Шәймерден Қосшығұлұлының еңбегі, шынында да, еш кеткен жоқ болатын. Түркиядан келген соң оның арызына Николай патша «Әуелі жерге қазақтар орналасып, егістік, шабындық, жайылымдық жерлермен қамтамасыз етілсін! Артық жер табылса, соны алсын» деп жауап қайтарып, қол қойған деген әңгіме бар. Ол қағаз кейіннен Көкшетаудың оқу бөлімінің бастығы Біләл Малдыбаевта болған. Өрине, патша жай ғана тыныштандыру мақсатын көздеген болар. Қалай болғанда да, Николай патшаның үнсіз қалмағаны және содан кейін қазақты шоқындыру саясатының саябырсығаны рас.

Әнуарбек ИСЛАМХАНҰЛЫ,
журналист.



ӨЗ СӨЗІМ – ӨЗІМДІКІ

ИМАМ ТҮЗЕЛМЕЙ,
ИМАН ТҮЗЕЛМЕЙДІ

«Іштен шыққан жау жаман» демекші, хадистің өңін айналдырып немесе ойдан құраған сөзбен қаруланған дүмшелердің теріс ықпалы жастарға елеулі әсер етуде.

Неге бұрынғының сөзі нық, өзгермейді, ал бүгінгінің сөзінің неге бүрі жок, тайғанақ? Есіме Құран сөзіне қатысты екі оқиға түсті. ...Нақты есімде жоқ, жетінші ме, әлде сегізінші ме сыныпта оқып жүрген кезім ғой деймін. Анамның жақын ағайын ағасы Қазыбек жәкем әдеттегідей кешке қарай біздің үйге келді. Екі-үш аптада төрт-бес отбасының ересек кісілері жиналып «Сияр» тыңдайтын. «Сияр» деп Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны жазылған кітапты айтады. Орта ғасырда бұл кітап Бұхар, Самарқанд, Қарнак, Түркістан медреселерінде 12 пәннің бірі ретінде оқытылған.

Қазыбек жәкем Қарнақтың медресесін бітірген діни

сауатты болатын. Діни жырлар мен әңгімелерді мүдірмей оқиды. Ауыл қариялары үнемі бір үйге жинала бермей, кезектесіп бас қосып отыратын.

Келетін кісілер малын жайлап жиналамын дегенше мен рұқсат сұрап жәкеме сұрақ қойдым.

– Егер мен есейгенде тентек болмасам, өтірік айтпасам, кісінің затын сұрамай алмасам, шариғатта тыйым салынған істерден аулақ болсам, күнделікті бес уақыт намазды өтеп, рамазан айының оразасын үнемі ұстап жүрсем, адам баласына мейірімді, жамиятқа қайырымды болсам, менің өмірім ұзара ма? – дедім.

Жәкем мырс етіп мұртынан күлді де:

– Бұл айтып отырғаның мұсылманның парызы мен міндетінің бір парасы ғой... Бұларды әрбір мұсылман онсыз да орындауға тиіс. Оның адамның өмір жасына ешқандай қатысы жоқ. Ғұмыр адамзатқа бір рет беріледі және мөлшері де бірден белгіленеді. Ол өзгермейді. Парызыңды орындағаның үшін берілетін сый-сияпат пен Алланың нығметі өз алдына. Өзің айтқандай, шуағы мол азамат болсаң, өзіңе жақсы: ештеңеден таршылық, қиындық көрмейсің, бай-қуатты өмір сүресің, – деп бітірді сөзін...

Арада он жылдан астам уақыт өтті. Арқаның бір аруына үйлендім. Қайын атам ескіше сауаты бар, арабша хат таныған ауыл молдасы екен. Біз үйленердің алдында о дүниелік болыпты, көре алмадым. Енемнің де ескіше сауаты бар, сынған-шыққан жерді салатын емші еді. Бала кезімде жәкеме қойған сұрақты Арқаға бір барғанымда орайын тауып енеме де қойып көрдім.

– Егер мен есейгенде тентек болмасам, өтірік айтпасам, кісінің затын сұрамай алмасам, шариғатта тыйым салынған істерден аулақ болсам, күнделікті бес уақыт намазды өтеп, рамазан айының оразасын үнемі ұстап жүрсем, адам баласына мейірімді, жамиятқа қайырымды болсам, менің өмірім ұзара ма? – дедім.

Енем де мырс етіп миығынан күлді де:

– Олай болмайды. Жаратқанға жасаған құлшылықтың адам өміріне қатысы жоқ. Адамзатқа ғұмыр өлшеніп бір-ақ мәрте беріледі. Жақсылық жасасаң да, жамандық жасасаң да жасыңның мөлшері өзгермейді. Кішіпейіл, көпшіл, ақжарқын болсаң досың көбейіп, өмір сүруің жеңілдейді, кісәпір, қатыгез болсаң, дұшпаның көбейеді, – деді.

Міне, ғажап! Арақашықтығы 3 мың шақырымнан астам жерде тұратын екі мұсылманның пікірі бір жерден шығып отыр, тіпті бір сөзі де өзгермеген.

...Бұл оқиғадан кейін де жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Заман да, қоғам да өзгерді. Дін-дәстүрге тосқауыл болған кеңестік кезең келмекке кетті. Еліміз еркіндікке қол жеткізді. Дәстүрлі дініміз – Исламға жол ашылды. Сол-ақ екен, жұртшылық «жерден жеті қоян тапқандай» немесе қаталап шөлдеп тасқын суға қарқ болғандай, дінге лап қойды. Шариғаттан хабары бары да, хабары жоғы да діндар болып шыға келді. Қаншама секта пайда болды. Шетелдік ағымдар нөсер жауыннан кейінгі арамшөптей дүркіреп көтерілді...

Мемлекет тарапынан бірсыпыра шаралар көрілді, ағымдар мен секталарға тосқауыл жасалды. Дегенмен, белең алған діни ұйымдар дендеп кеткен жаман ауруды оңайлықпен беріле қоймады.

Әсіресе, жат ағымдар жанталаса қимылдады. Қазақ жастарының жалған діни ұйымдардың алдау-арбауына еріп шетел асқандары да аз болмады. Ақыры жиһад жасаймыз деген желеумен Сириядан бір-ақ шықты. 500-ден астам қазақстандық жиһадқа қатысып, жан төзгісіз азапты басынан өткерді. Алданып қалғанын соңынан ғана білді...

Қарапайым жұртшылық пен билік басындағылар иманға бет бұрғанда ғана қоғамның түзелетінін соңғы кезде ұлт жанашырлары бұрынғыдан да жиі айтып та, жазып та жүр. Әлі күнге насихатта бірізділік болмай келеді. Бір хадисті әр мешітте әртүрлі түсіндіру үрдісі әзір тоқтамай тұр. Соның салдарынан бір отбасының өзінде иманға деген түсінік пен көзқарас бірдей емес, әртүрлі.

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының «Мектептің жаны – мұғалім, мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы» деген құнды қағидасы бар. Демек, ұлт ұстазының сөзі де ілгерідегілердің ойымен ұштасып тұрған жоқ па? Қайсыбір саланың да өз киесі мен несі бар. Ғұламаның осы көрнекті қағидасын имандылыққа қаратып айтатын болсақ, имандылыққа бастайтын бірден-бір дін өкілі – имам. «Құран сөзі – Құдай сөзі» дейді шариғат. Құдай сөзін «өзгерткен» имам туралы не деуге болады? Сондықтан имам түзелмей, иман түзелуі екіталай...

Сәрсен ҚАРМЫС.

СПОРТ

ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ



Бостандық ауданы бойынша «Жастар ісі» секторының ұйымдастыруымен аудан мешіттерінің бірлігі жарасқан жамағаты жолдастық кездесу өткізді.

«Дәстүрге айналған айлық кездесу салауатты өмір салтын насихаттау мен жамағат арасындағы ауызбіршілік пен татулықты нығайтар сөзсіз», – деп атап өтті аудан бойынша «Жастар ісі» секторының жауапты маманы Ерлан Құлмырзаұлы.

Осындай игі бастама аудан мешіттерінде тұрақты өткізіліп келеді. Теңбіл доптан сайыс соңында қатысушыларға бағалы сыйлықтар үлестірілді.

ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

ЖАМАН ДОС ҰРЛЫҚҚА,
ЖАҚСЫ ДОС ШЫНДЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Ата-ана өз баласын өз қолдарымен өтірікшілікке үйретпейі тиіс. Мысалы, балаға «Пәлен кісі келсе, мені үйде жоқ деп айт» деген ата-ана, өз қолымен баласын өтірікшілікке итермелеген және өтірік айтудың жаман нәрсе емес екенін көрсеткен болады. Балаларыңызға ешқашан, қалжыңдап болса да өтірік айтпаңыздар. Өтірік айтқаныңызды түсінген бала мұны қалыпты нәрседей қабылдап, ол да өтірік айта бастайды. Балаңыз тәртіпті, жүйелі өмірді сізден үйренеді. Ойыншықтарын орнына қояды, киімдерін жинауды үйретуіңіз керек. Бірақ айқайлап ұрыспастан мұны ойын халіне келтіріп атқару керек.

Баланы ұру дұрыс емес. Бала таяқ жеуден қорқады, бірақ істейтін қылығын жасырын жасай бастайды. Көп өтірік айтуды әдеттеніп өскен балалар кейін өз өтірігіне өзі де сенетін болады, сенімсіз тұлға ретінде қабылданады, елге масқара болады. Баланы өтірік айтпауға, жаман қылықтарға



әуестендіретін тағы бір маңызды фактор – жаман дос. Жаман дос – баланың дөрекі, өтірікші, ұрлықшы және әдепсіз болуына себепші болады. Баланы кішкентайынан адалдыққа дағдыландыру керек.

«Бақыттың кілті – жанұя» кітабынан ықшамдалып алынды.

Бетті әзірлеген
Сәрсенбек БЕКМҰРАТУЛЫ.



ҚАБДЕШТАНУ

Жазушының мерейі өз кезеңінің рухын көрсететін әлеуметтік мәселелерді көтеруімен, бейнелеуімен тығыз байланысты. Қабдеш ағаның өз сөзімен айтар болсақ: «Нағыз жазушы – әр ұлттың ақиқатты айтар деп аузына қараған әулиесі, бүкіл адамзаттың ақыл-ой жарысына жаратып қосқан жүйрігі... Өз ұлтының мұң-шерін айтпай тұра алмайды». Суреткерлік әлемінде «Ұстазды шәкірт таңдайды» деген ұғым бар. Қабдеш аға Мұхтар Әуезовті «Ұстазым!» деуден еш айнымады. Қандай ауыртпалық, қиындықтарға мойымай, жазушы, ұлы суреткер ретінде ақиқат үшін алысты. Империялық саясаттың кесірінен екіге жарылған арғы-бергі беттегі ұлт тағдыры үшін күресті.



«Жазушы – шындықтың шырақшысы, ақиқаттың апостолы».

Томас Манн.

85-ін айрықша атап өтерміз деген ойымызға өмір шіркін үлгертеді...

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ

Біздің Фарзанамен үйлену тойымызда болған күнінен бастап, ағалы-інідей араласып кеттік. Шаңырағымыздың елеулі отырыстары аға мен Сәуле тәте, Ұлықпан мен Нағима, Бейсенбай мен Несіпжан, тағы да көптеген достарымызсыз өтпейтін. Отырысты Қабдеш аға бастап, батамен аяқтау дәстүрге айналып еді. Наурызда ұлттық киімдерімізді киіп қонақтауды аға бастап, біздер қостап үлгі көрсетіп еді. Қазақы салт бойынша Фарзана ағаны «Дарабоз қайнаға», Ұлықпанды «Би аға», Бейсенбайды «Генерал қайнаға» деп, басқаларға да өздеріне лайықты ат қойып атағанына қатты ризашылығын білдіруші еді. Жұмысбастылықпен біраз уақыт бас қоса алмай қалғанымызда: «Сағынып қалдық-қой!..» деген бір ауыз лебізіміз арқылы қайта қауышатынбыз. Өзіл-қалжыңға еркіндік беріліп, арғы-бергі тарихты аға

– Әр қоғамның бір Құлбайы бар. Түсін өзгерткенімен, түбірі бір... Талайларды сорлатып келеді.

Аға шығармаларындағы деректерді мұқият зерттеп, ой таразысынан өткізіп, көркемдік деңгейге жеткізіп жазатынын осыдан білуге болады.

Одан мен Шәкәрімді көрсеткен адамдардың Қазақстанның халық артисі Шахан Мусин ағамызды 1932 жылғы ашаршылық туралы «Майлықара», «Наркомға хат» деген өлеңдері үшін Қолымаға «Контрреволюционная националистическая деятельность» статясымен 18 жылға айдақтаны, өзінің әлі күнге дейін «ұлтшыл» деген атағы бары туралы әңгіме айтқанымда:

– Иә, Шахан Мусиннің ашаршылық туралы ешкім айтуға дәгі бармағанда, алғаш ««Наркомға хат» өлеңі арқылы шырылдап шындықты айтуы нағыз ерлік. Өзінің бізге аға екенін де білем. Бірақ мәселе руда емес, ұлтын сүйер азамат боп тууында! «Жау» деп жала жапқандардың барлығы күйреп қалды. Шахан ағамыздың рухын сындыра алмады. Менің де екі империядан алған «ұлтшыл» деген атағым барлығын мақтан тұтам. Бұл Алаш қайраткерлерінің атағы емес пе!», – деп көтеріліп қалатын.

– Қазір жұрттың бәрі драматургияға көшкен кезде, сіз де пьеса жазбайсыз ба?! – десем:

– Мен оқиғаларды сахна кеңістігіне сыйғыза алмаймын. Менің кейіпкерлерім дархан далаға әрең сыйып жүргенде, жұрт жазды екен деп дүрмекке дүбір қоспай-ақ қояйын!.. – дегені бар.

Осы қасиетімен, қарапайымдылығымен, суреткерлік ұстанымына беріктігімен өзіне тәнті ететін.

СУРЕТКЕР

Әдебиет көркем сөздің философиясы. «Дүниеде сөзден көне, сөзден берік ескерткіш жоқ» деп ұққан көшпелілердің тіл мәдениетін бұзбай, қазақы тілдің қаймағын жеп өскен Қабдеш ағаның әдебиетімізге қосқан үлесі ұшан-теңіз. Қабдеш ағаның шығармаларының тілі кестелі, көркем. Оның сөйлемдеріндегі жатықтық, орамдылық, баяндауы мен суреттеуіндегі әуезділік пен бейнелілік, детальдарындағы нақтылық пен шыншылдық, сөз жоқ, суреткерлік ерекшелігі. Кейіпкерлерінің ұлттық рухы биік, психологиялық теренділіктері шынайылықпен суреттелген дара тұлғалар. Ол өзінің бұл қасиетін «Қаздар қайтып барады» атты тұңғыш әңгімелер жинағынан бастап, романдары мен соңғы хикаяттарына дейін дәлелдеп кетті. Бұл күрескер-жазушының даралығы. Бейне мен бейнелілік суреткердің ой айтудағы негізгі құралы. Ақиқатты тікелей айтпай-ақ, өзі жасаған бейнелері арқылы елестетіп көрсету шеберліктің өлшемі. Дарын да азаматтық ұстанымға тәуелді. Суреткерлік – айрықша парасаттылық. «Соңғы көш», «Тағдыр», «Дарабоз», т.б. шығармалары көркемдік шынайылығы мен философиялық тереңдігімен, тарихымыздың бұрмаланған тұстарының себеп-салдарын, күнгейі мен көлеңкелі тұстарын аяусыз аша отырып жазылған байлығымыз. Нағыз суреткер қоғамдық жүйеге оппозицияда болуы керек. Ол жамандау емес, қоғамның дамуына кедергі келтіретін келеңсіздіктің салдарын ашып, ақиқатты айтудыңда. Өнердегі классик тұлғалардың ерекшеліктері де осында. Ағамыз осы бір ұстанымынан ешқашан айныған емес. Қуңыз (Конфуций): «Өмірің де, өлімің де сапар. Сенің кім екеніңді кейінгілер артыңа қалдырған ізің арқылы бағалайды» демей ме!.. Дүниеден өтерінен көп бұрын, шығысы Шәуешек, батысы барша қазақ жері, солтүстігі Семей, оңтүстігі Алматы жолының қилысындағы «92-шақырымдағы» (ел бүгіндері «Қабдеш бекеті» атап жүр) жерді таңдауы философиялық тереңдігі, көшпенді елдің «Соңғы көшін» бастаған ұлының даналығы!

Шепте тұрсам болып бір жауынгерін, Жағаласса жармасып жауым менің. Көрсетем шын батырлық, жүректілік, Бір өзіңе арқамды тіреп тұрып. «Туған ел» өлеңіндегі осы сертіне адалдығын танытып, азаматтық ардың туын құлатпай, қорғаны болып тұр!

Әубәкір РАХИМОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, режиссер, профессор.

ШЫНДЫҚТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

өзінің адамгершілік биігінде азаматтық туын қисайтпай өмірден өтті

ҰСТАЗҒА ҰҚСАСТЫҚ

1966 жылы оқуға түскен «Театр студиясының» шәкірттері, аттары аңызға айналған әдебиет пен өнер қайраткерлерімен кездесулерді қалт жібермей, сұхбаттасуға құмар едік. 1967 жылы М.Әуезовтің мұражайында өтетін Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Б.Момышұлы, Ш.Аймановтармен кездесуге курсымызбен бара қалдық. Ертерек барсақ керек, әлі жұрт жинала қоймапты. Тек, шашы бұйралау, маңдайы ашық Мұхтар Әуезовтің өзін көргендей таңданыста болдық. Арамыздағы «білгіштер»: «Мұхтардың ұлы Мұрат осы!» десіп жатты. Бізді бастап алып барған ұстазымыз Қажықұмар Қуандықов ағай: «А-а, Қабдеш, халың қалай?», – деп амандасты да, біздерге таныстыра бастады: «Бұл «Жас дәурен» атты өлең жинағының авторы Қабдеш Жұмаділов деген ағаларың», – деп таныстырды да, екеуі әңгімелесіп кетті. Біз көпке дейін ағаның Әуезовке ұқсастығын айтудың болды. Қай жерден екеніне де дауласатын болдық. Қажықұмар ағадан Шәуешектік екенін білгеннен кейін: «Арғы беттен бергі бетке қарғып өткен менің ағам!», – деп мен мақтана бастадым. Енді бәріміз сол «Жас дәуренді» тауып алып, оқуға кірістік:

Сарыла күтін ертеңін
Үмітпен көңілін аулауда.
Құштар ол осы өлкенің
Топырағына аунауға.

Аралап көрсең нанасың,
Әлемде талай қызық бар.
Бақ пен сордың арасын

Бөліп тұр қызыл сызықтар.

Осынау шумақтарда жылқы мінез-қарактың қилы тағдыры, сағынышы мен зармұңы жатқан жоқ па?! Империялық саясаттың қырғынынан ұрпағын аман алып қалу үшін туған жер, өскен өлкесін тастап шекара асқан елдің тағдыры туралы Мұхтар Әуезов 1928 жылы «Қилы заманды» жазып еді. Енді араға 46 жыл салып, алпауыт елдердің қазақ халқына ұстанған саясатының бетпердесін аяусыз әшкерелейтін «Соңғы көш», «Тағдыр» романдарын Қабдеш аға жазды. Бұл туралы Асқар Сүлейменов маған: «Қазіргі қазақ жазушыларының бойындағы «Үрей жайлаған» құлшылықтан оятқан екі шығарма бар. Бірі менің ағамның «Қилы заманы», екіншісі «Соңғы көш», сенің ағаңның романы», – деп, отырған сәттерде романындағы халықтық характерлердің бай үлгілерімен

жазылғандығы, әрбір кейіпкердің өзінің даралық болмысымен, ұлттық мінез-құлықтарымен бірден баурап алатындығын талдайтынбыз. Стильдік ерекшелігі, тілдік бояуларының анықтығы мен қанықтығы, оқиғаларды суреттеуі жағынан Әуезовке жақындығын айтатынбыз. Тіпті, арғы беттегі қазақ тілінің бүлінбеген бар байлығын жеткізуші ретінде бағалайтынбыз. Ағаның романдарының құндылығы – халықтық мәнері мен табиғи әсемдігінде. Көркемдік кеңістік пен образдардың, орамды тілі мен шынайы сезімдерінің үйлесім табуында.

Бірде Асқар Сүлейменов шақырған соң кабинетіне кірсем, Роллан Сейсенбаев бар екен. Мен кірісімен Асқар ағаның амандасуым керек», – деп еді, бәрі құптай түсті де, түнгі үште сау етіп жетіп бардық. Барсақ, аға мен Сәуле тәте де бізді күтіп отырғандай, ояу екен. Дастархан жасауға кірісіп еді, Асқар: «Мен просто қолыңызды алып кетейін деп келдім! Мыналардың жеті түнде неғып жүргенін білмеймін», – деді де, ағаның қолын алып маңдайына басты (қатты риза болғанда осылай жасайтын әдеті бар болатын). Бәріміз өзіміздің «Тағдыр» туралы құттықтау тілегімізді айтып, тост көтердік. Сонда бір байқаным, ағаның өзі жақсы білетін әңгімелерді, жігіттердің аузынан естігенде: «Е-е, солай екен-ау! Ойпырмай десенші!..», – деп бірінші рет естігендей танданып отыруы. Мұндай мінез Мұхтар Әуезовте де болған екен. Ол туралы театрдың ақсақалдары жиі айта-тын. Мысалы, Шәкен Айманов Әуезовтен Чарльз Диккенс туралы естіген әңгімесін келесі кездескенде: «Мұқа, Диккенстің мына бір әңгімесінде...», – деп, қайталап тұздықтап айтып бергенде: «Е-е, солай ма екен! Ой пәлі-ай! Әй, Шәкен сенің де оқымайтының жоқ екен!», – деп тамсанып отырады екен. Міне, бұл жағынан да ағаның өзінің ұстазы Әуезовпен ұқсастықты, ұлыларға тән бала мінезділікті байқау қиын емес. 80 жылдығын М.Әуезов театрында өткізгенде маған: «Билік сенде, не айтсан да қолыңдамын!», – деуінің өзі ұлы тұлғаның балаға тән пәктігін, мейірімнің тазалығын көрсетеді. Мерейтой ерекше форматта жақсы өтті. Іш пыстырар ұзын сонар баяндамалар болған жоқ. Қабдеш аға да, көрермендер де қатты риза болды. Енді

бастап, біздер қостап кереметтей өткізетінбіз. Әрине, мұның барлығы Қабдеш ағаның қарапайымдылық қабілеттігіне, біздердің рухани жақындығымызға байланысты екені даусыз. Осындай отырыстарда ағаның жаңадан шыққан әр кітабындағы қоғамдағы келеңсіздіктер туралы өткір ойлары да тілге тиек етілмей тұрмайды.

– Қазір бойларын үрей билеген көптеген жазушылар бұқпантайлап бірдене айтқан болып, көптеген пысықтары билікті жаппай мақтап, есеппен өмір сүріп жатқан кезде, шындықты айтып, шырылдап жүрген жалғыз сізсіз, – деген кезіміз де:

– Мен ақиқатты айтып, ұлттың мүддесін қорғамасам, кейінгі ұрпақтың «Қазақ интеллигенциясы қайда қарап отырған?» деген сауалына қалмаймыз ба?! Сонда біздің азаматтығымызға сын болмай ма?! – деп жауап беретін.

Міне, осындай қарапайым жауабының өзінде де ұлтын сүйген азаматтың ұлылығы жататын.

– Аға «Тирандар тырапай асқан жыл» атты әңгімеңіздің кейіпкеріне менің атымды беріпсіз, рахмет! – деген әзіл-шыны аралас сөзіме:

– Мен кейіпкерлеріме ат қойғанда, рухани прототип іздеймін. «Соңғы көштегі» кейіпкерлердің прототиптерін өзің жақсы білесің. Жағыпардың прототипі Жағда ағаман араласып жүрдің. Театр сахнасындағы қойылымдарың «Қилы заман», «Өттің дүние», «Үзілген бесік жыры», өзіңнің пьесаларың бойынша қойған «Шәкәрім», «Қылмыскерге куәлік» спектакльдерің сенің режиссер ретіндегі азаматтық ұстанымыңды көрсетіп тұрған жоқ па! – дейтін.

«Аққуды атпас болар» атты хикаяттың жазғалы жүрген кезі. Менің «Шәкәрім» атты пьесамда Матаков деген жансыздың: «Шәуешектегі консулствода тілмаш болғанда небір дөкейлермен кездесіп, буддизмді де зерттеді дегені рас екен ғой», – деген сөздері бар болатын. Аға бірде: «Шәкәрімнің Шәуешекте тілмаш болғаны рас па?», – деп сұрады.

– Жоқ, аға, ол жалақорлардың, ілікке ілгек іздегендердің қауесеті ғой. Өтірікті шындай, шынды жың ұрғандай ететін құдай ұрғандардың жаласы емес пе. Сол жылдардағы қазақтың зиялыларын құртқан осы әдет емес пе.

– Е-е, бәсе!

– Биліктің бишігін ұстауға ұмтылған, санасыз шалақ белсенділердің сипатамасын «Тағдыр» романында Құлбайдың «табышын» атануы туралы күлкіге көміп жаздыңыз емес пе!



ТЫЛСЫМ ТАБИҒАТ

ҚАР ЖАУЫП, ҚЫЗЫҚ БОЛДЫ...

Алматылықтар мен қала қонақтары таулы аймақта жауған алғашқы қарды қызықтап, бейнежазба жариялады

«Ақшамға» қазақы пайымын жазып жүретін Сәрсенбек ағамыздың айтқаны айдай келді. «Бұл Қоян жылында күтпеген оқиға көп болады. Ерте күзде қардың жаууы да таңсық емес» деген-ді өткендегі бір жазбасында Сәрсенбек. Солай болды өзі. Әлеуметтік желідегі ертерек жауған алғашқы қар көрінісі, әсерлі-ак. Кадрдің қадірі артқаны соншалық, уақыттың зымырап бара жатқанын еске салады. Күнтізбеде жаз жылжып, күздің бірінші айының алғашқы аптасы басталысымен биік тауда қар жауып тұрғаны таңқалдырды.

«Менің ойымша, 3000 метр биіктіктен жоғары аймақта, шамамен 15 сантиметр қар жауды. Табиғаттың бұл құбылысы сел жүруге еш әсер етпейді деп ойлаймын. Жауған қар бір аптаның ішінде еріп ке-

тетін шығар, өйткені таудың орта бөлігінде ауа температурасы +18 градус сақталады», – дейді ол.

Бұл бейнежазбаны таулы аймақта құтқару жұмыстарымен айналысатын әрі альпинист Нұрбол жіберді. Нұрбол мен оның тәжірибелі тобы (команда) 4000 метр биіктікте жауған қарды бірінші боп көрді. «Қазгидромет» өкілдері Алматы тауларында қар жауғанын растады.

«Іле Алатауының орта бойында және ең биігінде, яки 2500 метр биіктіктен жоғары аймақта қар аралас жаңбыр жауды. Бұл жағдай солтүстік-батыстан соққан суық ауаның әсері мен атмосфера-лық құбылысқа байланысты болды», – деп мәлімдеді «Қазгидромет» мамандары.



ҚАУІП ҚАЙДАН?

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛСА ДА, СУҒА СҮҢГІП ЖҮРГЕНДЕР БАР



Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, жаз мезгілінде ведомствоның құтқарушылары судан 136 адамды құтқарды, оның 51-і – балалар.

«Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген. Заң – баршаға ортақ, бекітілген тәртіп бойынша елімізде суға түсу маусымы ресми түрде үш айға: 1 маусымнан 31 тамызға дейін созылады. Төтеншеліктердің хабарлауынша, биыл 177 адам суға батып кеткен, оның ішінде 53-і – кәмелетке толмағандар. Былтырғы жылғы шомылу маусымында су айдындарында 184 адам көз жұмса, (-4%), соның ішінде 62-сі – кәмелетке толмағандар (-15%). Судан құтқарылғандар ішінде алматылықтар мен қала қонақтары да бар.

«Суға батқандардың 98 пайызы жабдықталмаған жағажайларда шомылған.

Судағы өлімнің негізгі себептері – өз күшін асыра бағалау, мас күйде шомылу, жүзе алмау. Ал балалардың суға кетуінің басты себебі – ересектердің оларды қараусыз қалдыруы», – дейді ТЖМ ресми өкілі Жанна Дәуренбекова.

Айта кетейік, жалпы республика бойынша шомылуға рұқсат етілген 612 орын бар. 4285 орын суға түсуге қауіпті деп танылып, демалысқа тыйым салынған орындар тізіміне енгізілген. Тыйым салынған және рұқсат етілген шомылу аймақтары туралы деректер 2GIS платформасында орналастырылған.

Әлі де болса, Алматы маңында жасанды көлдерде су жағалап, сүңгіп жүрген бірен-саран адам байқалады. Қалалық құтқару қызметіндегілер тәртіпке бағынбағандарға қолданылатын әкімшілік шара барын айтты. Қазекем «Таразы туса – таң суыйды, Сүмбіле туса – су суыйды» деген. Денсаулықтың қадірін білейік, тәртіп сақтайық, ағайын!

ҚОҒАМ ЖӘНЕ БІЗ



ЕРІКТІЛЕР ЕРІГІП ЖҮРМЕЙДІ

Олардың жұмысының қоғамдық маңызы зор

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингіне «Ұлттық волонтерлік желі» өкілдері қатысып, волонтерлердің еліміз бен мегаполисіміздегі имиджін арттыруға көмек жайын мәлім етті.



Мәселен, Алматыда өткен «Азия дауысы» фестивалін өткізу барысында еріктілер шетелдік туристерге Медеуде өздерін жайлы сезінуге көмектесті. Спикерлер волонтерлікті қолдау шарасы мен қолданыстағы жобалар жайында айтып берді. Брифингте «Ұлттық еріктілер желісі» ЗТБ атқарушы директоры Татьяна Миронюк алматылық еріктілер осы жылдың мамыр айында өткен «Халықаралық еріктілер форумын» ұйымдастыруға белсене қатысқанын атап өтті. Қаламызда еріктілердің көмегімен талай ауқымды іс-шара өткізіліп келеді.

Екінші спикер, жастарды әлеуметтендіру және жастар бастамаларын қолдау бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұрсұлтан Бекқайыров Алматы жастары еріктілер ұйымдарының қызметіне белсенді қатысатынын атап өтті. Ол волонтерлердің қазіргі фронт-кеңсесі туралы айтып берді, соның арқасында бірнеше жоба басталған. Олардың ішіндегі ең елеулісі – «Тілдер саябағы», оның аясында қаланың 8 ауданында қазақ және шет тілдерін оқыту бойынша тегін сабақтар өткізіледі. Оқыту таза ауада, қаланың саябақтары мен скверлерінің аумағында бейресми жағдайда өтеді. Спикердің айтуынша, Алматының волонтерлік қозғалысында еріктілерді ынталандырудан тұратын жақсы дәстүр қалыптасқан.

Еріктілердің ерекшелігі

Брифингте жәшігі бар жастар автобус пен қала көшелерінде ауру балаларды емдеу үшін қайырымдылық жинайтынын мысалға келтіре келе, нағыз еріктілерді алақтардан қалай ажыратуға болатынын сұрады.

«Көбіне мұндай адамдар еліміздің заңнамасының үш бабын бұзады. Біріншіден, олар негізінен жасөспірімдерді жалдайды. Мұндайда келісім-шарттың дұрыстығын қарау қажет. Екіншіден, мұндайлар қоғамдық орындар мен көшедегі адамдардың мазасын алады. Маған оларды еріктілер деп айту қиын. Ақша ұсынған адамдар оның қайда жіберілетінін білмейтіні қиын», – дейді Т.Миронюк.

ЗТБ атқарушы директоры еліміздің «Қайырымдылық қызметі туралы», «Еріктілік қызметі туралы» туралы заңдары барын еске салды. Осында еріктілердің кім екендігі мен қайырымдылық деген не екендігі туралы түсінік бар. Әлбетте, қандай бір төлем болса да, көпшілік алдында есеп берілуі керек.

«Егер сіз қайырымдылыққа деп берген ақшаңыздың қайда кететінін білмей, қадағалай алмасаңыз, мұндайда жариялылық пен ашықтық болмайды. Егер ешқандай есеп беру болмаса немесе жарияланбаса, қаражатыңыз құмға құйған сумен тең. Менің кеңесім – өз қаражатыңды ретсіз бермеу», – дейді спикер.

КЕРЕК ДЕРЕК

• Алматыда 30-дан астам еріктілер ұйымдары мен топтары жұмыс істейді, олардың құрамында 50 мыңнан астам ерікті бар.

• Жыл басынан бері алматылық еріктілер 450-ден астам іс-шараға қатысты. Соның ішінде қала еріктілері Абай облысында зардап шеккендерге 50 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жинады.

• Еріктілер қатарына қосылғысы келетіндер болса, Байтұрсынов көшесі, 22, 1-корпус мекенжайындағы фронт-кеңсеге бару қажет. Немесе қажетті ақпаратты qazvolunteer.kz сайты мен волонтерлік бірлестіктің әлеуметтік желілері арқылы табуға болады.

Бетті әзірлеген А. ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУ АУДИТІНІҢ СТАНДАРТТАРЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне жыл сайынғы аудитті жүргізеді.

Аудитті ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №272 бұйрығымен бекітілген қаржылық есептілік аудитінің рәсімдік стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Оның мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігінің дұрыстығын дәлелді растау болып табылады.

Қаржылық есептіліктің аудиті нәтижесі қаржылық бұзушылықтарды жедел алдын алу, оларды анықтау және қаржылық есептілік бекітілгенге дейін жою болып табылады.

Бүгінгі таңда қаржылық есептіліктің аудиті, халықтың мемлекетке деген сенімін арттырудың алғышарттарын жасайтын Үкімет құралдарының бірі болып табылады.

Қаржылық есептіліктің аудитінің нәтижелері бойынша Үкімет және одан да басқа мүдделі тұлғалар шынайы қаржылық есептілік алады, бұл оларға бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық жағдайы туралы толық ақпаратпен қамтамасыз етілуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың өздері де аудит жүргізуге мүдделі, өйткені қаржылық есеп беру ақпаратының сенімділігін растау инвестициялық және басқару шешімдерін қабылдау үшін қажет.

Аталмыш заңдар аясында, Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен нақты уақыт режимінде 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап 2023 жылдың наурыз айына дейін 5 бюджеттік бағдарлама әкімшілерінде қаржылық есептіліктің аудиті жүргізілді («Алматы қаласының мәдениет басқармасы» КММ, «Алматы қаласының құрылыс басқармасы» КММ, «Алматы қаласының қалалық мобильдік басқармасы» КММ, «Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» КММ, «Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» КММ).

Бұдан басқа, осы бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бағынышты, баланс валютасының жалпы соммасы 8,5 млрд теңгені құрайтын мекемелерде 14 үстеме тексеру жүргізілді.

Аудит барысында 90,2 млрд теңге сомасында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібін бұзушылықтар анықталды, оның ішінде 49,5 млрд теңге сомасына қаржылық бұзушылықтар және 40,7 млрд теңге сомасына рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Аудит қорытындысы бойынша қабылданған шаралармен бюджет кірісіне 342,7 млн теңге өтелді және есепке алу бойынша 49,2 млн теңге қалпына келтірілді.

А.НУКУСБЕКОВА,

Бас маман, мемлекеттік аудитордың ассистенті.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Орталығы: «Алматы қаласы шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 67, каб. 500, тел. 236-21-77.

Төрағасы – Калыкова Айгуль Оразовна, төрағасының орынбасары – Туматов Асет Ажжанович, хатшы – Тегисов Азамат Рашидович, **комиссия мүшелері** – Иванова Галина Анатольевна, Омарғалиева Тана Дүйсеновна, Оразалина Нургуль Кабдулкаримовна.

Алматы қаласы Алмалы ауданы аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: «Алматы қаласы шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 67, каб. 505.

Төрағасы – Гончаров Сергей Борисович, **төрағасының орынбасары** – Ахметова Самал Аманжоловна, **хатшы** – Утемисов Әлібек Пердебайұлы, **комиссия мүшелері** – Койшыбаева Зоя Кашкинбаевна, Иманбаева Сағынкуль Каденовна, Галиева Лязат Бауржановна, Есимбеков Канат Доскалиевич.

Алматы қаласы мәслихатының депутатын сайлау бойынша №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы

Төрағасы – Сисенбердиева Асем Дюсенкуловна, **төрағасының орынбасары** – Тенгебекова Толғанай Толысбаевна, **хатшы** – Смирнова Ирина Юрьевна, **комиссия мүшелері** – Рысбай Злиха, Сейтжан Индира Нұрғалиқызы.

№4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі

Округ орталығы: Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 128, тел. 396-80-61.

«Лияс Есенберлин атындағы №25 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Округ шекаралары: Райымбек даңғылынан Назарбаев даңғылының батыс жағымен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының солтүстік жағымен батыс бағытта Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің солтүстік жағымен батысқа қарай Мұқанов көшесіне дейін; Мұқанов көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің оңтүстік жағымен шығысқа қарай Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Әйтеке би көшесіне дейін; Әйтеке би көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Шәріпов көшесіне дейін; Шәріпов көшесінің шығыс жағымен солтүстікке қарай Гоголь көшесіне дейін; Гоголь көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен шығыс бағытта Назарбаев даңғылына дейін.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz. қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«Жылауық» мизам айының (қыркүйек) алғашқы аптасының бүгін соңғы күні. Айдың басында жаңбыр болмағанымен, екісінен бастап аракідік нөсерлетіп тұр. Күн әлі ыстық қалпын сақтауда. Дегенмен, күн өткен сайын салқындық белең алып келеді.

Бабаларымыз күн мен айдың қимыл-әрекетіне қарап сол жыл мен сол айда және сол күні болатын ауа райындағы өзгерістерді болжай білген. Бұл болжамдар қазірге дейін тұрмыс-тіршілігіміз бен өндіріс жағдайы үшін пайдаланылып келеді.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

КҮНГЕ ҚАРАП АЙТЫЛҒАН
ХАЛЫҚ ЖОРАМАЛЫ:

* Күн сарғыш-қызылданып, шаңқайып шықса, сол жылы құрғақшылық, ал күн күңгірттеніп, қораланып солғын көрінсе, жыл жауын-шашынды болады.

* Күн сәуле шашып шықса, сол жылдың жайлы, молшылық болуынан дерек бергені.

* «Ертеңгі күн құлақтанса, елiндi жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келiнiң ұл тапқандай қуан» дейдi (қазақ мақалы).

* «Ай қораланса, атаныңды сайла, күн қораланса, күрегiңдi сайла» деген де тәмciл бар халқымызда.

МИЗАМ АМАЛЫ ТӨРГЕ ОЗДЫ

Үркер мен Ай бір-біріне жақын келсе, мал мен жанның жағдайы жақсы болмақ



Сәрсенбек
БЕКМҮРАТҰЛЫ

Бұл үшін әр айда болатын айдың тоғауын бақылап, есептеп отырған. Ай тоғауы, нақтылап айтқанда, әр айдың әр аптасына тұспа-тұс келіп отырған. Айталық қаңтардың 11-күні, ақпанның 9-күні, наурыздың

7-күні, көкектің 5-күні, мамырдың 3-күні, маусымның 1-күні, шілде де үркер жерге түсіп, содан кейін тамыздың 21-күні, мизамның 19-күні, қазанның 17-күні, қарашаның 15-күні, желтоқсанның 13-күні болады.

Айдың тоғысы кезінде үркер мен ай бір-бірінен алыс болса, «бұл екеуі бір-біріне қырғиқабақ болған екен, қырсығы мал мен жанға тимесе игі еді» деп қауіптенген. Егер үркер мен ай жақын келсе, «бұл екеуі жараса қалған екен, мал мен жанның жағдайы жаман болмас» деп

жақсылыққа жорыған. Қазақ есепшілері төбедегі айдың қайсы ай екенінен жаңылса, тоғыс есебі арқылы үркерді бақылап, үркер мен айдың тоғауына қарап сол айды айырып алатын болған.

Өткен пайымдарымыздың бірінде мизам келмей күз басталмайтынын, күн суытпайтынын айтқанбыз. Сол амал, міне, григориан күнтізбесі бойынша жақындап келеді. Амал қыркүйек айының он-он бесінен басталады. Күн бұрынғыдан да ыси түседі. Мұндай мамыражай мезгілді мизам шуақ деп атайды.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін қыркүйектің – 7-сі. Ай есебімен – 21-і. қазақша болжамға сүйенсек, 7 күннен кейін жаңа ай туады. Енді бірте-бірте таң суып, сосын түн суыта бастайды. Апта ішінде көкті бұлттар торлап, жаңбыр жаууы, күн салқындауы, екпінді жел орын алуы мүмкін. Бірақ бұл әлі күз келді деген белгі емес. Алда әлі өз кезегімен келетін «Мизам шуақ», «Кемпір шуақ» амалдары бар...

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

АШУДЫ ҚАЛАЙ
ЖЕҢЕМІЗ?

Бірде Алматыдан Шымкентке жол түсті. Жеке шаруа болған соң тез-тез жиналдым. Кең далада ғаламтор ұстамайды. Сөйтіп, шырайлы қалаға келіп жеттік. Бәрі тап-тамаша. Гүлденіп келеді. Қаз-қатар салынған ғимараттар. Ол жақтың табиғаты таулы, қыратты болады. Кең көшелер көздің жауын алады. Тұрғындары сондай ақжарқын. Ең бастысы, кісінің көңілін жықпайды. Не болса да, бетке келіп төске шаппағанды жөн көреді. Барынша еңбекқор. Халық нөпірі көп жерде бәсеке қатты болатыны түсінікті. Бір байқағанымыз, тойхана көп екен. Әйтеуір қимылдаған бір адам. Көлік кептелісі аса сезілмеді. Бәлкім, сырттан барған соң қырсырын білмегеннен кейін солай болған болар. Бір сөзбен айтқанда, үшінші мегаполиске айналып келеді.



Шаруа бітті. Бағыт – Алматы. Интернеттен такси табыла кетті. Бір жұп, қазақы кейіптегі апа, шопыр және мен. Бес адам жола шықтық. 7-8 сағатқа жуық уақыт жолға кетті. Жолдан тоқтап ауқаттандық. Жеңіл көлік тым аса жылдамдықпен жүйткіді. Жамбастан жамбас қалмады. Аяқ ұйып қалды. Ұйықтаған болып, қалғып-мүлгіп келдім. Алматыға жете бергенде бір оқиға болды. Көлікті тізгіндеген жігітпен апа сөзге келіп қалды. Дау – барар жерге апару-апармау туралы. Сонда жағамды ұстадым. Жұрт ақшаға беріліп кеткен екен. Соған бола шала бүлінді. Өлгі апа да жолақы үстіне 1-2 мың қоса қоймады.


Осы оқиғадан іштей біртүрлі болдық. Біреудің шаруасына киілігуді жөн көрмедік. Мүмкін «аш құлақтан тыныш құлақ» қағидасын ұстанған шығармын. Қасымда отырған бір-біріне ынтық болғандарға бәрібір. Қарқылдаған күлкі, өзге түсініксіз тілде, арасында орысша да сөйлесіп қояды. Осы оқиғадан соң үлкен-кіші, сабыр деген қасиеттер күн өткен сайын азайып бара жатқандай көрінді.

Нағыз нарықтық қоғамның көрінісі. Бір жағынан түсінуге болады. Мұнда бір күн жұмыс істемесең аш қаласың. Алайда, адамгершілікті сақтамасак, ізет, құрмет болмаса, түбі не болмақ?! Сондықтан аталған қасиеттерге мән берген абзал.

Баяғыда батыс пен шығысты жалғайтын тоғыз жолдың торабындағы шаһарлар болған. Келген саяхатшылар арнайы жазба жазып, танданып қайтқан-тұғын. Ұлы Жібек жолының сұлу да сымбатты, биік мұнаралары, сәулетті ғимараттары бәрі-бәрі бізде болған. Бұл өлкеде өнер мен мәдениет жоғары тұрған. Ғасырлар бойы қалыптасқан түпкі негізімізден ажырамайық. Осыны ерте бастан ойласак, көп дүние өзгереді.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

